



Специальности аккредитованы на международном уровне!

24 сентября Высший аккредитационный совет германского агентства AKQUIN на основании представленных документов принял решение о международной аккредитации специальностей «5B011200 Химия», «5B011000 Физика» и «5B010900 Математика» ЗКГУ им. Махамбета Утемисова. Наш университет является первым в Западном регионе, прошедшим процедуру аккредитации на международном уровне.

В 2012 году Западно-Казахстанский государственный университет им. М.Утемисова заключил договор с германским агентством AKQUIN по трем специальностям. Процедура аккредитации включает в себя подготовку университетом отчета по самооценке специальностей на основании международного стандарта качества образования. Это - требования к качеству преподавательского состава, используемых методик преподавания, содержания образовательных программ, наличие лабораторной базы, научно-исследовательских проектов, сотрудничества с зарубежными вузами и академической мобильности, трудоустройства выпускников, обеспечение студентов литературой, раздаточными материалами, наличие системы электронного обучения e-learning и многое другое.

-Европейские стандарты качества включают в себя более 100 критериев, охватывающих все сферы жизнедеятельности университета. С чувством глубокого удовлетворения хотелось бы отметить, что наш университет соответствует данным требованиям, - сказал директор центра стратегического развития и качества Олег Винальевич Юров.

В течение года велась организационная работа с экспертами агентства. Им были представлены переведенные на английский язык документы по организации и методическому обеспечению обучения, научно-исследовательской деятельности, материальной базе университета. С 20 по 25 мая провела свою работу экспертная группа из Германии. В состав экспертной группы вошли профессор, доктор Вилли Фриден (Технический университет г. Кайзерслаутерн), профессор, доктор Франк Хаузер (Высшая школа техники г. Берлин), профессор, доктор Николаус Корбер (Университет г.Регенсбург), профессор, доктор Карл Хайнц Хоффманн (Технический университет г. Хемниц), профессор, доктор Кристель Райнхольд (Западно-Саксонская высшая школа г. Цвикау), эксперт-практик профессор, доктор Рудольф Штаубер,

руководитель Фраунхофского института силикатных исследований ISC, проектная группа IWKS, г. Альценау, студентка теоретической физики технического университета г. Хемница Ким Шмидт, представители агентства AKQUIN Нина Сорока и Магдалена Либ. Они посетили занятия, осмотрели аудитории, лаборатории, библиотеку и другие подразделения университета, ознакомились с документами, планами, учебно-методическими комплексами, курсовыми работами студентов и др. документами, встречались с преподавателями кафедр и студентами.

По результатам проведенных проверок группой экспертов был подготовлен отчет, запрашивались дополнительные материалы о деятельности вуза.

-Наши германские коллеги особо отметили качество преподавания, имеющуюся в университете учебную литературу, содержание которой соответствует современному уровню развития науки, организацию самостоятельной работы студентов, систему контроля качества, действующие в университете тематические разделы сайта университета на английском языке, доступность для студентов интернет-ресурсов, социальную помощь, которая оказывается вузам, отзывы работодателей и уровень трудоустройства, который достигает 100%. Рекомендации, данные экспертами, были приняты к сведению, - сказал О.В.Юров.

Полученное университетом свидетельство германского агентства AKQUIN о прохождении международной независимой аккредитации образовательных программ по специальностям «химия», «физика» и «математика», является подтверждением соответствия международным требованиям качества образования. В связи с этим поздравляем коллектив университета и желаем всем дальнейших успехов и высоких достижений в развитии науки и образования!

Соб.инф.

Қазан айының отыз бірінші жұлдызында М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің акт залында Ұлт Көшбасшысы – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Қорының өкілдері жоғары оқу орны студенттерімен және жас ғалымдармен кездесті.

ЖАС ҒАЛЫМДАРҒА МҮМКІНДІК МӨЛ

Бұл шараға университет оқытушылары, университеттің ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректоры Мұқтар Әбілсейіт Қапизұлы, Қор жанындағы Жас ғалымдар кеңесінің маманы Едигеева Роза Мақашқызы, Қор жанындағы Жас ғалымдар кеңесінің мүшесі, А.Байтұрсынов атындағы тілтану институты директорының орынбасары, аға ғылыми қызметкер, ф.ғ.к. Фазылжанова Анар Мұратқызы, Қор жанындағы Жас ғалымдар кеңесінің мүшесі, С.Сейфуллин атындағы қазақ аграрлық-техникалық университетінің кафедра меңгерушісі, т.ғ.к. Аукажиева Жанар Мұратқызы қатысты.

Жиынды ашқан Әбілсейіт Қапизұлы құрметті қонақтарға қош келдіңіз айтып, кездесудің екі жақ үшін де маңызы зор екендігін тілге тиек етті. «Қазіргі таңда білім және ғылым министрлігі елімізде ғылымның дамуына, ғылыммен шұғылданушы жастарға айрықша назар аударып отыр. ҚР Білім туралы және Ғылым туралы заңын негізге ала отырып, қаламыздың жоғары оқу орындары нәтижелі жұмыс жасауда деп айтуға толықтай негіз бар. Сөзіміздің дәлелі, студенттер болсын, магистранттар болсын түрлі ғылыми жобалардан тыс қалған емес және университетіміздің ғалымдары да ғылымның дамуына өз үлестерін қосуда. Қажырлы еңбек етіп, ғылыммен шұғылданып жүрген батыс қазақстандық ғалымдардың еңбектері еленіп, бағалануда. Осыған орай, Ұлт Көшбасшысы – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Қоры да біздің жас ғалымдарға қолдау көрсетуден аянып жатпағанын айта кеткен жөн. Бүгінгі кездесуден маңызды ақпараттар алып, сұрақтарыңызға толық жауап ала аласыздар деп ойлаймын» -деп Әбілсейіт Қапизұлы кездесуге сәттілік тіледі.

ҚР Тұңғыш Президенті қоры жанындағы Жас ғалымдар кеңесінің мүшелері Ж.М.Аукажиева қордың мақсат-міндеттері, миссиясы, жұмыс бағыттары жөнінде толық мәлімет берсе, А.М.Фазылжанова қор жұмысының ауқымы кеңдігін, соның бір бағыты – Жас ғалымдар кеңесі екендігін атап өтіп, кеңестің жұмысы, жетістіктері туралы сөз қозғады.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Қоры еліміздің тұңғыш президентімен бекітілген, әлеуметтік, мәдени, білім беру, қоғамдық-саяси бағыттарды қамтитын коммерциялық емес ұйым болып табылады. Бұл қор жұмысының ауқымы өте кең.

Еліміздің білімі мен ғылымы саласын дамытуға үлес қосып жүрген ғалымдарға ғана назар аударып қоймай, шығармашылықпен айналысатын жастар мен студенттердің, ғылыми ұйымдардың, жас ғалымдардың ғылыми-зерттеу жұмыстарына, мәдениет және өнер саласындағы талантты жастарды тауып, қолдау көрсету, шығармашылық жобаларға да қолдау көрсету, жастардың шығармашылық әлеуетін арттыру қор жұмысының негізгі бағыттары болып табылады. ҚР Тұңғыш Президентінің қоры қаржылық қолдаумен көлемді екі шараны - жастардың форумы және халықаралық ғылыми конференцияларды өткізеді. Және қор қайырымдылық қызметтерін атқарудан да қалыс қалған емес. Қордың ұйымдастырып өткізіп жатқан іс-шаралары еліміздің білім, ғылым, мәдениет саласына да өзіндік үлес қосуда. Қазіргі Қазақстан - инновациялық технологиялар, ғылыми, мәдени, экономикалық жағынан биік асуларға ұмтылушы ел. Сондықтан, жастарға бағыт-бағдар беріп, жарқын болашаққа жол ашып, ғылыми шығармашылықпен шұғылданып жүрген жас ғалымдарға қолдау көрсетуде Жас ғалымдар кеңесінің орны ерекше. Негізгі жұмысы - қор тарапынан жас ғалымдардың таланттарын шыңдау мақсатында өткізілетін байқауларға келіп түскен өтініштерді сараптау, еңбектерін бағалау және марапаттау болып табылады. Бұл кеңестің

Еще одна медаль

Неоспоримы победы в спорте! Добежал первым, прыгнул выше – ты лучший. Так и мы лишь способны восхищаться теми, кто может преодолеть себя и принести в родную команду очередную медаль.

А если речь идет о человеке, перешагнувшем седьмой десяток лет, но продолжающем спортивную карьеру?

Доцент кафедры физвоспитания Камеш-агай Исмагулов в составе сборной РК участвовал в Чемпионате мира мастеров спорта по самбо среди ветеранов в болгарском городе Буркас. В чемпионате участвовали команды из пяти стран: США, России, Украины, Чехии и Казахстана.

-Уступил только самбисту из российской команды, в результате получил второе место в личном зачете в своей весовой категории, - делится впечатлениями мастер спорта. – Наша команда тоже заняла второе место. Сколько соревнований за спиной, но желания победить, соревновательный азарт, волнения меньше не становится. С годами только учишься управлять эмоциями, но радость все равно скрыть трудно. Я горжусь своей очередной наградой!

По секрету Камеш-агай сказал нам, что в скором времени планирует завершить спортивную карьеру. «Вот еще одно соревнование – и достаточно!» - сказал Камеш Исмагулович. Мы же пожелаем, чтобы таких «еще одних боев» было как можно больше.



құрамында 13 жас қоғамдық негізде ақысыз қызмет атқарады, - деп қатысушыларға толық мәлімет беріп өтті қор өкілдері және алдағы болатын байқау ережелерімен таныстырып өтті.

Біздің университетіміздің 3 студентінің ғылыми жұмыстары үздік деп бағаланып, қор атынан шәкіртақыға ие болды. Осы орайда, ҚР Тұңғыш Президенті қорының шәкіртақы иегері, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің 3 курс студенті Тресова Әсемгүл Жасылбекқызы сөз алып, университет ректоратына, ғылыми жетекшісіне, қолдау көрсеткен қор өкілдеріне алғысын білдірді.

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің Жас ғылымдар кеңесінің төрайымы Тілеккабылова Динара Жаркынқызы оқу ордамыздағы жас ғалымдар кеңесінің жұмысы туралы есеп берді.

Университетіміздің жас ғалымдары, студенттері ойларында жүрген сұрақтарын қойып, жауап алды.

Светлана БЕККУЖИЕВА,
қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының
1-курс магистранты



КӘСІПОДАҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ арналған семинар

Қазан айының 14-ші жұлдызында М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті шаңырағында ҚР Білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының ұйымдастыруымен халықаралық семинар оздырылды.

Аталмыш семинарды Батыс Қазақстан облысындағы білім ұйымдарының кәсіподақ жетекшілері үшін Қазақстан Республикасының Білім және ғылым қызметкерлері Кәсіподақ комитетінің төрайымы Амантаева Майра Тұрғанқызы және Азиялық-Тынықмұхиты аймағы бойынша Интернационал білімді үйлестіруші Малайзиядан келген Джером Фернандез өткізді.

Бұл шараны ұйымдастыруға мұрындық болған және университетте өткізген жетекшілер мен ұйымдастырушыларды М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің ректоры Асхат Сәлімұлы Иманғалиев қабылдады.

Кездесуде жаңа кезеңдегі интеграциялық процестерді толықтыру, білім саласындағы кәсіподақ ұйымдарының рөлін арттыру мәселелері қозғалды және педагогтардың халықаралық кәсіподақтық қозғалыстардың дамуына қосқан үлесі турасында сөз болды. Қазіргі уақытта 300 млн.-нан астам педагогтардың басын қосып отырған 400-ге жуық кәсіподақтық ұйым бар екені айтылды.

Асхат Сәлімұлы Елбасының сындарлы саясатының арқасында көптеген қазақстандықтардың шетелде білім алуға мүмкіндіктері мол екендігін, соның ішінде Қазақстаннан 4000-нан астам студент Малайзияда білім алып жатқандығын атап өтті. Және бұл кездесу Қазақстан мен Малайзия арасындағы ынтымақтықты бекітіп, екі елдің жоғары оқу орындарының бірлесе жұмыс жасауына мүмкіндікті арттырары сөзсіз,- дейді.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым қызметкерлері Кәсіподақ комитетінің төрағасы Амантаева Майра Тұрғанқызы, Азиялық-Тынықмұхиты аймағы бойынша Интернационал білімді үйлестіруші Джером Фернандез және Азиялық-Тынықмұхиты аймағы бойынша Интернационал білімді үйлестірушінің көмекшісі Дилафруз Кабиров, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым қызметкерлері Кәсіподақ комитетінің бас маманы Әлиев Батыр Әліұлы, сондай-ақ білім және ғылым қызметкерлерінің облыстық Кәсіподақ комитетінің төрағасы Тұрғаналиев Галилей Жәңгірұлы сынды семинар қонақтары үшін БҚМУ өнер сахнасында арнайы концерттік бағдарлама ұйымдастырылды.

Университеттің шығармашылық ұжымы бұл орайда шақырулы қонақтар мен көрермен көпшіліктің назарына жоғары дәрежеде өз өнерлерін көрсетті. Ақ Жайықтық ақын Қадыр Мырзалиевтің сөзіне жазылған «Қазақ осы» әнімен сахна шымылдығын ашқан Мұрат Аманчиевтің өнері және оқытушы Әлия Кенжетәева мен доцент Қарлығаш Айтқалиеваның



жетекшілігімен өнер көрсеткен биші қыздардың орындауындағы «Әжемнің сандығы», «Сылқылдақ» билері кешті қыздыра түсті. Сондай-ақ, «Вокалдық өнер» мамандығының студенттері Перизат Таңатар, Айдана Ажғалиева және концертмейстер-оқытушылар Гүлмира Ташанова мен Клавдия Краденовалар да бұл кештен тыс қалмады. Өсіресе халықаралық байқаулардың лауреаты Максим Поповтың орындауындағы Шуберттің «Экспромты» университеттің классикалық жанрдағы өнерді де біраз бағындырғанын аңғартты. Сахнада өнер көрсеткен «Музыкалық білім» кафедрасының оқытушылары Раушан Қуанышалиева мен Қуаныш Қисметовтың орындауындағы «Сен ғана» және Халықаралық «На Николаевский-2013» байқауының Гран-При иегері «БатысStar» тобының орындауындағы «Қазақстан» әніне көрермен арасында қол соқпаған жан қалмады. Облыстық «Дала дарындары» байқауының лауреаты «Кәусар» триосы мен «Музыкалық білім» мамандығының магистранты Гүлмира Өтегенова және Халықаралық байқаулардың лауреаты, «Музыкалық білім» мамандығының 4-курс студенті Азат Қабиевтің өнерін де кәсіби деңгейде жоғары бағалаған шақырулы қонақтар мәдениет және өнер факультетінің шығармашылық ұжымына зор алғыстарын білдірді.

«Берекені көктен тілеме - еткен еңбектен тіле» деген екен жазушы Мұхтар Әуезов. Семинарға қатысушы шетелдік және отандық қонақтар үшін арнайы ұйымдастырылған концерттік бағдарламаға белсене қатысып, шараның жоғары деңгейде өтуіне атсалысқандары үшін өнертану және мәдени-тынығу кафедрасының оқытушысы Меңдігүл Еслямғалиқызы Сұлтановаға, «Қыз Жібек» би ансамблінің жетекшілері Қарлығаш Дайырғалиқызы Айтқалиева және Әлия Елеуғалиқызы Кенжетәеваға, БатысStar» тобының жетекшісі Қуаныш Лабибұлы Қисметовке, Кәусар» триосының жетекшісі Гүлмира Екпінқызы Өтегеноваға мәдениет және өнер факультетінің атынан алғыс жарияланды.

ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСТЕ

Қазан айының 28-ші жұлдызында М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің Ғылыми кеңесі өтті.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

2012-2013 жж. арналған жоспарының орындалуы туралы, университет қызметін жоспарлау. 2013-2014 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту туралы БҚМУ-дың стратегиялық даму және сапа департаментінің директоры О.В.Юров, 2013-2014 оқу жылына МАК төрағаларының кандидатурасын бекіту жөнінде ОӘЖ жөніндегі проректор Ф.Қ.Жүсіпқалиева, магистранттардың диссертациялық зерттеу жұмысы тақырыптарын және ғылыми жетекшілерін бекіту туралы ғылыми жұмыс және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор Ә.Қ.Мұқтар баяндады және ҚР БЖҒМ жариялаған «ЖОО-ның үздік оқытушысы» байқауына үміткерлер ұсыну туралы, Қазақстан композиторлар одағының мүшесі Қажымов Қырымгерей Қажымұлын БҚМУ қауымдастырылған профессоры академиялық атағына ұсыну туралы, Қазақстан композиторлар одағының мүшесі Нұрымбетов Еркін Шаяхметұлын БҚМУ қауымдастырылған профессоры академиялық атағына ұсыну туралы. ғылыми жұмыс және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор Ә.Қ.Мұқтар, ғылыми зерттеу жобалары бойынша 2013 жылдың жылдық есептерін бекіту жөнінде жоба жетекшілері - Д.К.Меңдалиева, М.М.Фартушина, А.Б.Ниязбекова, Ұ.Т.Ахметова, М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың профессорлық-оқытушылар құрамы арасындағы оқытудың инновациялық технологияларын енгізу бойынша байқау туралы ережеге енгізілген өзгерістерді бекіту туралы ОӘЖ жөніндегі проректор Ф.Қ.Жүсіпқалиева, 2013-2014 оқу жылындағы магистратураның аралық аттестаттау емтихандарын өткізу түрін бекіту туралы, магистранттардың тақырыптары мен ғылыми жетекшілерін өзгерту туралы, 2-курс магистранттары Н.А.Атаханова (6М020500 филология: қазақ тілі) мен С.Ж.Таспаева, Г.К.Уразалиева, М.Н.Ребенкоғарға (6М010600 музыкалық білім) жаңа жетекші тағайындау, 2-курс магистранттары Ш.С.Искалиева (6М042100 дизайн), П.Марков (6М011600 география), М.Қ.Есеналиевалардың (6М011300 биология) диссертациясының тақырыбын өзгерту жөнінде жоо-дан кейінгі дайындық бөлімінің жетекшісі Ж.К.Тастаева, күндізгі бөлімде оқитын студенттерге мемлекеттік шәкіртақы тағайындау, өтемақы төлеу және әлеуметтік көмек көрсету тәртібінің ережесін бекіту туралы, 2013-2014 оқу жылына университет ректорының грантын тағайындау туралы тәрбие ұжымы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор Т.М.Дәрішева сөз қозғады.

Айгүл НИЕТОВА,
ғылыми хатшы

ЖҮЛДЕГЕРЛЕРМЕН ЖҮЗДЕСУ

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде республикалық, облыстық байқаулар мен пікір-сайыс турнирлеріне белсенді қатысып, жүлделі орындарға ие болған студенттермен кездесу өткізілді.

Шараның басты мақсаты – оқу ордамыздың намысын қорғап жүрген студенттердің жеткен жетістіктерін өзге студенттерге таныстыру, пікір алмасып, ой бөлісу болатын. Аталмыш шараға жоғары жетістіктерге қол жеткізген Қазақстан Республикасының «Ата заңым – Айбыным!» атты республикалық байқауға қатысып, жүлделі I орын иеленген «дизайн» мамандығының 3-курс студенті Сарбалиева Раушан, II орын иеленген «дизайн» мамандығының 3-курс студенті Касимов Наурызбай, «Бәріміз бірдейміз кемсітуді білмейміз» атты алғашқы республикалық конкурстың облыстық кезеңінде «Ең үздік студент» номинация бойынша I орын алған «дизайн» мамандығының 5-курс студенті Галиева Мейрамгүл, «Тіл – халық жанын танудың кілті» атты орыс жастары арасындағы тіл біліктілігі байқауының II орын иегері «орыс тілі мен әдебиеті» мамандығының 1-курс студенті Шабанова Олия, «Тілдарын-2013» олимпиадасының Гран-При иегері шет тілі: екі шет тілі» мамандығының 2-курс студенті Капезова Дина, II орын иегері «шет тілі: екі шет тілі» мамандығының 2-курс студенті Нұрқашева Фариза, III орын иегерлері «аймақтану» мамандығының 2-курс студенті Тудакова Виктория және «шет тілі: екі шет тілі» мамандығының 2-курс магистранты Килишева Нұргүл, облыстық «Дала дарындары» байқауының III орын иегері «вокалдық өнер» мамандығының 1-курс студенті Абилов Ғиззат, III орын иегері «дәстүрлі музыкалық өнер» мамандығының 2-курс студенті Қасымова Зинат, II орын иегері «музыкалық білім» мамандығының студенттерінен құрылған «Кәусар» триосы, I орын иегері «хореография» мамандығының 1-4 курс студенттерінен құрылған «Қыз Жібек» ансамблі, I орын иегері «филология: қазақ тілі» мамандығының 3-курс студенті Сарсанова Айгерім, «Арт-Самғау-2013» II Халықаралық жас суретшілер фестивалін-куің «Көркем тоқыма» номинациясы бойынша II орын иеленген Айтжан Ұлғаш, III орын иеленген Ибраимова Бекзат, «Бозбала мен бойжеткен» облыстық байқауының Гран-при иегерлері «қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 2-курс студенті Татаханова Айдана және «дене шынықтыру және спорт» мамандығының 2-курс студенті Кашенов Оралхан, II орын иегерлері «филология: қазақ тілі» мамандығының 2-курс студенті Шынтаев Жарқынбек және «қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 2-курс студенті Ахметқалиева Самал қатысты.

Шара барысында қатысушылар байқаудан алған әсерлерімен бөлісіп, студенттердің қойған сұрақтарына жауап берді.

С 14 по 19 октября в Западно-Казахстанском государственном университете им.М.Утемисова проходила неделя «Голос потомков Махамбета», посвященная творческому и духовно-нравственному наследию и в ознаменование 210-летнего юбилея поэта. Организаторами мероприятий выступили Международный научно-исследовательский центр «Махамбет», кафедры «Казахская филология» и «Практический курс изучения языков».

Голоса потомков Махамбета



Свою приветственную речь ректор ЗКГУ им. М.Утемисова А.С.Иманғалиев адресовал студентам. «Алдыңнан ақ күн туа берсін, Махамбет ұрпағы!» («Пусть всегда ваш путь освещает солнце Махамбета!»), - сказал А.С.Иманғалиев.

Первый день недели был посвящен научному анализу наследия великого казахского поэта, батыра. В своем докладе директор международного научно-исследовательского центра «Махамбет» А.С.Кыдыршаев раскрыл ораторский талант народного героя, умение словом пробудить в сердцах людей патриотизм и чувство собственного достоинства. Об образе Махамбета в творчестве академика З.Кабдолова рассказал кандидат

Стихи Махамбета являются самыми огненными своего времени, это есть собственный голос, собственный язык, собственные чаяния народа...

Мухтар Ауезов

филологических наук С.Г.Шарабасов. Философия поэта как национальное достояние – тема доклада преподавателя кафедры «Всемирная история и СПД» К.Т.Тастаева. На открытии также прозвучало поэтическое посвящение «Ақын рухына тағызым» студента 2 курса филологического факультета А.Базарбаева.

На неделе свои работы представили преподаватели, магистранты и студенты – те, чьи сердца навсегда покорины огненными строками Поэта. В рамках программы недели прозвучали стихи молодых поэтов, музыканты и творческие коллективы ЗКГУ исполнили кюи, готовятся к изданию юбилейные книги, посвященные 210-летию поэта. По окончании мероприятий активным участникам были вручены дипломы.

-Неделя завершена. Но мы намерены продолжать внедрять изучение жизни, творчества храброго воина, поэта-вдохновителя Махамбета. В нашей стране, насчитывающей всего 17 млн человек, к великому сожалению, не все знают поэта, не знакомы с его творчеством. В планах провести воспитательный месячник, посвященный Махамбету. Мы преследуем благородную цель по популяризации имени поэта Махамбета, его творчества не только в Казахстане, но и далеко за пределами нашей страны, - сказал А.С.Кыдыршаев.

Марта ДЖУМАГАЛИЕВА

Мазасыз әлемге, азаттықтың асау арнасына, қоғамдағы қалтқымалы ахуалға, ауылдағы жадау тұрмысқа, ұлттың тілі мен ділінің болашағына ақындық жауапкершілікпен, аналық жанашырлықпен қарайтын ақын анамыз Ақұштап Бақтыгереевамен университетімізде қазан айының 18-ші жұлдызында кездесу болып өтті.



Қатысқан студенттердің дені 1-курс студенттері болғандықтан, өз сөзін ақын студенттерді алғашқы қадамымен құттықтап, бүгінгі қыз – ертеңгі ана желісінде өрбітті. Ақынның әр сөзінен әйелдерді емес, әйелдікті жырлайтын, әйелдерді емес, әйелдікті қорғайтын, сол үшін әйелді әйел етіп тұрған ең басты қасиет нәзіктікті дәріптейтін, «Ақжайықтың ақ шағаласы» атанған Ақұштап Бақтыгерееваның туған ел мен жерге деген ыстық махаббаты және қоғамдағы, өмірдегі қайшылықтар мен әділетсіздіктерге, адам қолымен жасалған қиянаттарға қарсы күрескерлігі айқын көрініп тұрды.

*«Жұлқыса жел есіріп,
Майысқанмен сынбадың.
Сыр айтпадың шешіліп,
Неше келіп тыңдадым.
Қысты жеңіп, шуаққа
Жайраңдаған кезіңде,
Бойыңдағы қуатқа
Қайран қалам өзім де...»* - деп келіп, боямасыз өмір, тартысты

Арулардың ақылшысы – АҚҰШТАП

тағдырды жырлаған өлеңі арқылы ақын шыншыл да сыршыл қалпымен жүректерде бірден ұялап қалды.

Кеш көрермендерінің бір ұққаны – жігітті ардақтағаннан ақынның лирикалық кейіпкері аласарып қалған жоқ, қайта өз бейнесін биіктетіп, асқақтай түсті. Мына заманда жасырып-жабары жоқ, бүгінгі саусақпен санарлық дарынды әйел-ақындарының кейбірінің жігіттерді жігерсіз, жасық, ұсақ, күйкі тірлік иесі етіп көрсететін адуын жырларынан гөрі жаныңа жағыңқырайды..

Сонымен қатар, ақын әңгіме барысында бүгінгі қыздардың екі жақты келбетіне тоқталды. Біріншісі, сауатты, қиындыққа шыдайтын, өжетті дұрысы бар десе, екіншісін, жеңіл өмірге бейім, еліктегіш, қиын-қыстау сәттерде өздерін алып жүре алмайтын, алып жүргенді қойып, ар-ұяттан безіп кететін қыздар мәселесіне тоқталып, жылулығы көктем табиғатымен жымиңдасқан, келген тіршілік иесіне нұрын шашып, келешекке ақ жол, адал ниет нұсқайтын құдірет иесі – ана туралы ой қозғады. Әңгіме соңында ақын, әйел ең бастысы ана ретінде студенттерге жүрекжарды лебізін білдіріп, алдағы қуанышы мен қиындығы қатар жүретін өмірлеріне сәттілік тілеп, сөзін аяқтады.

Анар Абдоллайқызы,
*қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының
3-курс студенті*

Выбор профессии — выбор будущего

В ЗКГУ им. Махамбета Утемисова действует Центр карьеры, возглавляемый директором А.С.Аманбаевым.

Одним из основных направлений деятельности Центра карьеры является профориентационная работа. Профессия определяет многое в жизни человека. Это не просто источник дохода, материальная составляющая. Профессия определяет стиль жизни, раскрывая таланты, возможности и мечты молодого человека. Но не всегда желания и возможности совпадают. Есть профессии, которые предъявляют серьезные требования к здоровью или необходимы дополнительные навыки и умения. Но существует большое число смежных профессий, которые могут стать достойной альтернативой мечте. Над этим и работают специалисты Центра карьеры, основной задачей которого является профориентационная работа, нацеленная на конечный результат.

Практическая направленность профориентационных работ с конкретными целями и результатами – таково главное требование, предъявляемое руководством университета как к нашему центру, так и филиалам кафедр. *В соответствии с поставленной задачей отдел ведет свою деятельность в следующих направлениях.*

Прежде всего, агитационная работа. Эту трудоемкую работу сотрудники отдела проводят совместно с преподавателями университета. Агитбригады посещают старшие классы всех сельских школ в районах и районных центрах Западно-Казахстанской области. С этой целью в начале года отделом был составлен план и график выезда филиалов кафедр по школам области с профориентационной работой.

Помимо районных школ объектом работы центра карьеры и филиалов кафедры являются городские школы. На кафедрах был составлен план работы в школах, по которому в течение учебного года будут проводиться тематические беседы, мастер-классы, научно-популярные лекции, игры и т.п. – профориентационные мероприятия, направленные на привлечение учащихся к обучению в нашем университете. Так, на кафедре учета и аудита преподавателем А.К.Тогжановой 1 октября была проведена интеллектуальная викторина «Эрудит», посвященная Международному

Дню бухгалтеров и аудиторов, в которой приняли участие ученики 11-х классов школ №№16, 21, 39, 17 г. Уральска.

26 февраля 2013 года между Западно-Казахстанским государственным университетом имени М.Утемисова, отделом образования г.Уральска и 5 городскими школами (ШЛ №27, СОШ №1, СОШ №7, СОШ №21, ШЛ №38) был заключен трехсторонний договор сотрудничества. Предметом договора является повышение квалификации педагогов и руководителей учреждений образования, совершенствование педагогического мастерства, развитие творческого потенциала, распространение передового опыта, подготовка резерва участников олимпиады по предметам из числа одаренных детей, профориентационная работа с учащимися школ.

С начала учебного года сотрудники Центра карьеры приняли активное участие на родительских собраниях в школах города (в том числе в школе №7), на которых вниманию школьников и родителей предоставлялся красочный цветной рекламный буклет, дающий представление в целом о специальностях университета, преимуществах учебы в нашем учебном заведении, сроках подачи документов, а также проводилась разъяснительная работа по правилам поступления в вуз, по вопросам ЕНТ и конкурса на получение образовательного гранта.

Другое направление работы Центра - информационная работа с помощью средств массовой информации - заключается в размещении рекламных объявлений о ЗКГУ в некоторых СМИ области и соседних регионов согласно университетскому медиа-плану.

Широко используются университетские СМИ (газета «Өркен»), в которых публикуются различные материалы: от объявлений до аналитических статей. Представители университета в большом количестве доставляют эти газеты в школы города и области, прилегающие территории соседних областей. Информация о предстоящих мероприятиях профориентационного характера транслируется на телевизионных панелях в корпусах университета, освещается в университетских выпусках новостей учебного телевидения.

Жемқорлықсыз оқу орны

Сыбайлас жемқорлық - барлық елдерде кездесетін, бірақ деңгейлері мен нысандары әртүрлі құбылыс.

Үнемі өзгеретін қасиеті әрі экономикалық өсу динамикасына теріс әсері бар сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүйелі іс-әрекет болмаса, ол әлеуметтік-саяси салаға және мемлекет пен қоғамның жалпы дамуына теріс ықпал етері сөзсіз. Сондықтан да қазақстандық қоғамда сыбайлас жемқорлықпен күрес бірте-бірте жүйелі сипатқа ие болып келе жатыр.

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде сыбайлас жемқорлық белсенділігінің алдын алу, оны бейтараптандыру, адалдықтың сатылмайтындығын көтермелеу мақсатында 2013 жылдың 19-қыркүйегінде факультет декандары мен комиссия мүшелерінің қатысуымен университеттің жемқорлыққа қарсы күрес комиссиясының отырысы болып өтті. Отырыста комиссия жұмысының өткен жылғы жұмысы қорытындыланып, 2013-2014 оқу жылына әр факультеттен, студенттік өзін-өзі басқару ұйымы тарапынан университеттің сыбайлас жемқорлықпен күрес комиссиясының құрамына мүшелікке ұсынылған үміткерлердің кандидатурасы мен үстіміздегі оқу жылына арналған комиссияның жоспары талданды. Өткен

оқу жылындағы қысқы және жазғы емтихан сессиясына қатысқан бақылаушылардың ұсынысы ескеріліп, құқықтық пәндер кафедрасының меңгерушісі Л.С.Серікова мен заңгер М.Ж.Кайдашевтарға сессияға қатысатын бақылаушылар комиссиясының ережесін жасау тапсырылды.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес комиссиясының 24 қазанда өткен екінші отырысын комиссия төрағасы Ә.Қ.Мұқтар ашып, университет ректорының 19.10.2013 ж. №013-780 бұйрығымен бекітілген комиссия құрамымен және 2013-2014 оқу жылына арналған жоспарымен таныстырып, комиссия жұмысының жемқорлықпен күрестегі негізгі міндеті – профилактикалық жұмыс жүргізу, жастардың сыбайлас жемқорлыққа қатысты мәдениетін қалыптастырып дамыту екеніне тоқталды. Сонымен қатар университетте стратегиялық даму және сапа департаментінің директоры О.В.Юровтың кабинетінде **26-06-25** нөмірлі сенім телефоны жұмыс жасайтынын және барлық оқу ғимараттарында шағымдар мен ұсыныстарға арналған жәшіктер ілінгенін атап көрсетті.

А.С.НИЕТОВА,
комиссия мүшесі

Елбасы Жолдауына орай

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев еліміздің 2050 жылға дейін әлемдегі ең жоғары дамыған 30 мемлекет қатарына ену бағыты айқындалған ұлттық саяси даму стратегиясын белгілеп берді.

Тәуелсіздікке ие болған 21 жыл ішінде Тұңғыш Президентіміздің көшбасшылығымен ауқымды экономикалық, саяси және әлеуметтік реформалар жүзеге асырылды. Көпұлтты Қазақстан ынтымағы жарасқан елге айналды. Еліміз ықпалды халықаралық ұйымдарға төрағалық етті. Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының басын қосты. Өзін әлем тарихында ядролық қарудан өз еркімен бас тартқан бірінші ел ретінде танытты.

Ата Заң құрметтеліп, халықтың сот билігіне сенімі артты, құқық қорғау органдарында жасалған жүйелі реформалар негізінде азаматтар құқығы мен бостандықтарын қорғауда еліміз абыройлы табыстарға қол жеткізді.

Мемлекетіміздің заман ағымына сай, өркениетті бағытта дамуы ұзақ уақыт мерзімдерге негізделген стратегиялық жоспарлар мен бағдарламалардың негізінде жүйелілікпен жүзеге асырылып келеді. Президенттің жыл сайынғы Қазақстан халқына жолдауларында ел дамуының алға қойылған мақсаттарына жетуге мүмкіндік беретін бағыттары айқындалып отырды.

Елбасының бастамасымен жасалған «Қазақстан- 2030» Стратегиясы барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуін, қауіпсіздігін және әл-ауқатының артуын көздеген болса, бұл жеке, бетке алған асу көзделген мерзімнен бұрын игерілді. Қазақстанның аз уақыт ішінде қол жеткізген ұлы жеңістерін әлем мойындады.

Бүгінде Елбасы экономиканы әртараптандыру және оны шикізаттық емес, жоғары технологиялық жолға қайта бағдарлау жөнінде жаңа міндеттерді алға қойып, үдемелі индустриялық-инновациялық даму жөніндегі мемлекеттік бағдарлама қарқын алып келеді. Азық-түлік пен энергетика бойынша Қазақстан әлемдік қауіпсіздікті қамтамасыз ететін жетекші елдер тобына кіріп отыр.

Болашақты алыстан болжайтын саясаткер Нұрсұлтан Әбішұлы мемлекетіміздің 2050 жылға дейін әлемдегі ең жоғары дамыған 30 мемлекет қатарына енуін ұлттық саяси даму стратегиясына негіз ете отырып, осы уақыт ішінде бағындырылуға тиісті жеті басымдықты белгілеп берді.

Олар: жаңа бағыттың экономикалық саясаты, кәсіпкерлікті жан-жақты қолдау, әлеуметтік саясаттың жаңа принциптері, білім және кәсіби біліктілік, мемлекеттілікті, қазақстандық демократияны дамыту, саликалы сыртқы саясат, жаңа қазақстандық патриотизм.

XXI ғасыр бейбітшіліктің, тұрақтылық пен гүлденудің ғасыры болатынына сенім білдірген Мемлекет басшысы Қазақстан халқын жарқын болашаққа жол бастайтын адамзат баласының мәңгілік құндылықтары - ерік-жігер мен еңбексүйгіштік, мақсаткерлік қасиеттерді бойға сіңіруге шақырды.

Елбасы белгілеп берген « Қазақстан- 2050» жаңа саяси стратегиялық даму бағыты қазақстандықтарды жаңа белестерді бағындыруға жетелейтін және ортақ мақсатқа топтастыратын тарихи құжат болып табылады.

Г.Н.СУЛЕЙМЕНОВА,
э.ғ.к., қ. профессор

На университетском сайте в разделе «Абитуриент» представлены все рекламные видеоролики: как общеуниверситетские, так и по факультетам. Кроме того, на сайте университета есть короткая версия виртуальной экскурсии по университету в формате 3D. Раздел «Абитуриент» содержит всю необходимую дистанционную версию профориентации для малокомплектных школ, а также школ, расположенных в удаленных поселках. Центр еженедельно ведет работу с рубрикой «Абитуриент» данного сайта, публикуя ответы на вопросы выпускников.

На базе университета ежегодно проводятся подготовительные курсы к сдаче ЕНТ и КТ по основным предметам общеобразовательной школы. Основная их цель – подготовка, закрепление и повторение программы школьных дисциплин для успешной сдачи тестирования. Общий объем курса по каждому предмету составляет 140 часов. Курсы проводятся 2 раза в неделю. С начала учебного года курсы посещают около 60 слушателей.

Общее число выпускников 2012-2013 учебного года составило 624 студента. Из них по педагогическим специальностям – 314 студентов, по непедагогическим специальностям – 310 студентов.

Структура выпускников по направлениям подготовки:

- социальные науки, экономика и бизнес – 14,1%
- гуманитарные науки – 6,3%
- искусство, юриспруденция – 15,2%
- услуги – 6,6%
- технические науки и технологии – 2,0%
- естественные науки – 5,2%
- образование – 50,2%.

Из 314 студентов педагогических специальностей трудоустроено 263. Из них 100% трудоустроились студенты следующих специальностей:

- 5B010800 физическая культура;
- 5B010200 ПИМНО;
- 5B011300 биология;
- 5B011200 химия;
- 5B011000 физика.

Из 310 студентов непедагогических специальностей трудоустроено 229. Из них 100% трудоустроились студенты следующих специальностей:

- 5B060900 география;
- 5B041700 декоративное искусство;
- 5B040300 вокальное искусство;
- 5B040600 режиссура;
- 5B040900 хореография.

(Соңы. Басы өткен сандарда.)

Иә, Орхан бей айтса, айтқандай Ардахан қаласы орталықтан шалғайда - Түркияның солтүстік-шығысында орналасқан. Теңіз деңгейінен 1900 метр биіктікте орын тепкен қаланы айналдыра тау қоршап тұр. Жоғарыдан төмен қарай екі саладан тұратын Кура өзені ағып жатыр. Жазы қысқа, қысы ұзақ бұл мекеннің өткен тарихында да қызық жайттар бар. Өзінің даму тарихында Ардахан уездік шағын қала боп қалыптасқан. Кейін Осман империясының қарауында боп келген қала 1878 жылғы орыс-түрік соғысының нәтижесінде Ресей империясының қол астына өткен. 1918 жылға дейін Карск облысының құрамында болған. Тіпті жаугершілік замандарда алма-кезек Грузияның, Арменияның қарамағына да өтіп отырған. Сол кезеңдердегі халықтар құрамы түріктермен қоса армян, грузин, грек, еврейлерді құраған. XIX ғасырдағы қала тұрғындары негізінен егіншілік, мал шаруашылығы және тігіншілік, тері илеу, ағаш өңдеу, бал жинау сияқты кәсіптермен айналысқан. XX ғасыр басында Ардаһанда 5 завод-фабрика, 150-дей сату нүктелері (шеберхана, дүкендер мен лавкілер) болған. Бүгінде қалада орыс отаршыларынан қалған он шақты үй құрылысы сақталған. Алайда тұрғылықты бір де бір орыс ұлтының өкілі жоқ. Соңғы санақ бойынша қала халқының саны – 18500-дей адамды құрайды. Ардаһанның табиғаты өте қатал, алайда бүлінбеген, экологиялық тазалығымен ерекшеленеді. Университеттің биолог, географ оқытушы-ғалымдарының әңгімелерінен байқағанымыздай Ардахан өңірінде әлі зерттелмеген, адам аяғы баспаған жерлер баршылық. Өте әдемі, шыныдай мөлдір, балығы мол Чылдыр, Кура сияқты өзендері бола тұра жаз айларында суға шомылуға, еркін жүзуге мүмкіндік жоқ. Суы өте салқын.

Ардаһанның ажары ежелгі ескерткіш-құрылыстарымен көз тартады. Осман империясынан қалған мұра боп ұзын-шұбақ ирелеңдей салынған қамалдың сұсты келбеті шаһарға ерекше ажар беріп тұр. Қорған мемлекет қамқорлығында. Жан-жақтан ағылушылар көп болмаса да, арагидік әр тілде сөйлеген туристер шоғырының бірден-бір баратын жері – жаңағы ескерткіш-қорғандар. Қала көшелерінде жағалай орналасқан дүкен-дүңгіршіктердің алдында кішкене аласа үстелде шай ішіп, тасфих санап, гу-гу әңгіме соққан ер адамдарды көресің. Әйел затының қарасы өте аз. Оларды шағын қалада әр 200 метр сайын мұнарасы мен мұңдалап тұрған мешіттердің (олардың саны – 10 шақты, ал Стамбулда 2000 мешіт бар) намазға шақырған азан уақытында ғана молынан ұшыратасың. Шаһардың тұрмыс-тіршілігіне қарап отырып, бір мезет өткен ғасырларға оралғандай әсерде қаласың. Көше бойында жұмсақ креслода шылым шегіп, маңғаз отырған мырзаның аяқ киімін қос қолымен шеткалап, ұлтпеттеп тазалап жатқан балақайды көріп езу тарпай өте

АРДАҒАН ӘСЕРЛЕРІ

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті Қазақ филологиясы кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты, 2012 жылдың «ЖОО үздік оқытушысы» атағының иегері Зейнолла Жақсылықұлы Мүтиев үстіміздегі жылдың сәуір-мамыр айларында Түркия елінің Ардахан мемлекеттік университетінде ғылыми тағылымдамадан өтіп қайтқан болатын. Ғалым-ұстаздың сол іссапардағы жолжазбаларын ұсынып отырмыз.



Суретте: Ардахан университетінде «Тіл және технология» тақырыбында өткен конференция қонақтары

алмайсың. Анда-санда көкір-шүкір заттарын тиеген ат-арбалылар да автокөлікпен жарыса зулап бара жатады.

Жаңа мен көненің иық тірестіре дамылдаған мамыражай тірлігіне риза бола тұра, кей реттерде үлгі алатын тұстары да бар екенін айтқан ләзім. Айталық, өз діндеріне көлеңке түсірмей, әр түрлі ағымдардың жетегінде кетпей, айрандай ұйып отырған халықтың бірі – осы түріктер. Басым жұрты намазға жығылады. Қонақ үйлерінде, вокзал мен аэропорттарында намаз оқу бөлмесі мен жайнамазы, дәрет алу орындары тап-таза күйінде дайын тұр. Оқымыстысы да, кәсіпкері де жұма намазын қаза жібермейді. Иманы мықты ел ме деп қалдық. Өтірік айтпайды, сертке берік. Бірін-бірі жаттай сыйлайды. Дауыс көтеріп жатқан бірі жоқ. Мәдениеттілігі, тазалығы, жинақылығы, әр нәрсеге көңіл бөлуі, фанатқа тән ізденушілік қасиеттері, еңбекқорлық пен бейнетқорлық, алға мақсат қоюшылық және ол жолда бәрін тәрік етіп, алар шыңына, шығар биігіне жетпей тынбайтын қайсарлық пен төзімділік, қысқасы, мен таныған ұлттың аталған асыл қасиеттері кім-кімге де, қай халыққа

да үлгі бола алары хақ. Қаланың асхана мен мейрамханаларында қызмет қылушылардың бәрі дерлік ер адамдар. Тамақтары дәмді, сервистік қызметтерінің сапасы өте жоғары. Сізге өтірік, бізге шын – Ардахан шаһарында бірде бір спирттік ішімдіктер сататын сауда орны болмай шықты. Арақ-шарап деген сөздер олардың сөйлеу лексиконында жоқ сықылды көрінді. Бірен-саран жастар жағы болмаса, шылым шегушілер де көп байқалмайды.

Түрік жұртының қазақ баласына ерекше бір ыстық ықыласпен, құрметпен қарайтынын кез келген кездесуде, түрлі отырыс-басқосулар мен жиын-мәжілістерде еркін аңғардық. Ал қазақ ғылымы мен мәдениетіне, әсіресе оның тілі мен әдебиетіне деген сыйластықты университеттің оқу үдерісіндегі атқарылып жатқан нақты істерден көріп, көңіліміз өсіп, марқайып қалдық. Мәселен, 2013-2014 жылдардың өресінде қорғалмақшы магистрлік диссертациялар тақырыптарына көңіл аударсақ, бейне бір қазақ филологиясы ғылымы Түркияға көшіп келгендей әсерде қаласыз. Мысалы: «Сәкен Сейфуллиннің «Қызыл ат» поэмасының

ерекшеліктері», «Махамбет Өтемісұлының өлеңдеріндегі қайталама қос сөздер», «Орта Азия халықтарының фольклорында Қожа Насырдың ортаға шығуы және оның анекдоттары», «Қазақ түрікшесіндегі жылқымен байланысты сөздердің қолданылуы», т.б. боп кете береді. Тәжірибе алмасу барысында ғылыми жетекшілерінің өтінішімен магистранттардың бірқатарына қосымша кеңес берілді. Елге келген соң да олардың кейбірімен байланыс үзбей электронды пошта арқылы байланыста болдық. Ардахан университетінің магистратурасында оқып жатқан шәкірттер арасында қазақстандық жоғары оқу орнын бітірген (мысалы, Қожа Ахмет Йассауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университеті, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, т.б.) тым жақсы қазақшасы бар қыз-жігіттердің бар екендігін айта кеткен жөн.

Университет кітапханасын пайдалану барысында таңғаларлық жайтке тап болдық. Қазақ классикасының М.Әуезов бастаған және оған дейінгі XIX ғасыр ақын-жазушыларының, сонымен бірге бүгінгі Ә.Кекілбаев, Д.Исабеков, т.б. таңдаулы туындылары түрік тіліне аударылып, мұқабасы қалың, әдемі безендіріліп, кітапхана сөрелерінде лықа толып тұр. Ал бізде (Қазақстанда) түрік ақын-жазушыларының қазақ тіліндегі толыққанды аудармаларын (кеңестік дәуірдегі тәржімаланған Әзіз Несин, Назым Хикмет аудармаларын, газет-журнал беттеріндегі бірен-саран үзінділерді айтпағанда) Астана мен Алматының үлкен де белгілі кітапханаларынан қанша іздесек те таппадық. Бұл олқы тұсымызды Қазақстанда болып жүрген түрік бауырларымыз да өзіл-шыны аралас түйреп өтті. Еліміздің тәуелсіздігін бірінші болып мойындаған, біз үшін шаттана қуанған қандас бауырларымыздың алдында, жасыратыны жоқ, аз-мұз қызаруға тура келді.

Жалпы алғанда Түркияның мемлекеттік Ардахан университетінің болашағы зор екендігі нық байқалды. Олай деуге біз көрген, байқаған, жүргізген зерттеулер мәліметтері себеп бола алады.

Ғылыми тағылымдама барысында Ардахан университетінің қызметімен (оқу, ғылым, тәрбие) танысып, «Түркі халықтары және қазақ әдеби байланыстары дамуының кейбір мәселелері (XX-XXI ғ.б.)» «Түрік-қазақ әдеби байланыстарының негізі» тақырыптарында материал жинақтау мақсатында ғылыми кітапханада жұмыс жүргізілді. «Түрік тілі мен әдебиеті» мамандығында оқитын оқу топтарына «Қазақ әдебиетінің тарихы» тақырыбында дәріс оқылып, студенттер мен магистранттарға дипломдық жұмыстары, магистрлік диссертациялары бойынша кеңестер берілді. Университеттің ағымдағы жоспарына сай өтіп жатқан екі конференцияға қатысып, филология ғылымдары негізінде тәжірибе жинақтадым.

Ғылыми тағылымдама нәтижесі бойынша Ардахан университетінің қысқа мерзімді біліктілікті арттыру туралы «Анықтама-Сертификаты» мен «Алғыс хаты» берілді.

Қазаннан Қазақтарға мың сәлем...

Күнделікті өмірдің тыныс-тіршілігін, қайталанбас сәттерді фотосуретке түсіруді кәсіп қылған қарапайым фотосуретшімін. Қасыма қызым Розалияны ертіп Татарстанға жолға шықтым, ондағы мақсатым Қадыр Мырза Әлінің өлеңдерін татар тіліне аудартып, он жылдың үстінде қасында бірге болған сәттерден түсірген фотосуреттерім арқылы татар тілінде көп басылыммен кітап шығару болатын, Еліміздің тәуелсіздік мерекесі қарсаңында «Менің Қазақстаным» атты фото-көрмемді ұйымдастыру, оның орнын, өтетін күнін белгілеу болатын.

Мың жылдан астам тарихы бар Қазан шаһарында ұзақ мерзімде бірнеше жерде өтетін болғандықтан Татарстанның тұңғыш президенті Мейтемір Шаймиев туған Қазаннан 380 шақырым жердегі қарағай ну орман, бөктер-бөктер тау іспеттес айнала бұлақ, үлкен Ақ еділ өзенінің бойындағы Ақтаңыш қаласын таңдадым. Бізді қазандықтар өте жақсы құрметпен қарсы алды. Қызым екеуіміздің қазақ тілінде сөйлеп тұрғанымызға қарап таныды ма, алпысты алқымдап қалған, үлкендеу кісі бізді шақырып алып, автобусындағы радио-сын көрсетіп: «Мен мұны үзбей тыңдаймын, Сіздердің әлем мойындаған Назарбаевтай президенттерің бар, сен бұған қуан, өйткені сендер бақыттысыңдар, аз уақытта Астана қаласын тұрғызды, маған балаларым ғаламтордан көрсетті, керемет ғажап қала, Нұрсұлтан Назарбаевты қадірлеп, құрметтей біліндер, айналаға қарасам, өзге ұлттар жұмыс іздеп толып жүр, соның ішінде бір қазақ жоқ, ол Назарбаевтың арқасы!» - деп Ильяс Миннуруұлы ағынан жарылды - Алла тағала Нұрсұлтанға дені сау ұзақ өмір берсін, барлық қазақтарға Ғиззатуллин Ильяс Миннуруұлынан сәлемімді жеткізсіз, - деп дұғай-дұғай ыстық ықыласқа толы сәлемін жолдады.

Біздің ендігі сапарымыз - Арыск-Арча қаласы. Қазанға қайта келіп, басқа бағытқа шықтық, бізді бұл жақта да жақсы қарсылады. Азат пен Лилия Шаймардановтар бала Ғабдолла Тоқайды өсіріп жетілдірген қазақ еліне дұғай сәлем айтып, Қазақстан туралы, Елбасы туралы жақсы лебіздерін білдірді. «Жақсы сөз – жарым ырыс», - демекші, татар халқының әңгімелерін естіп масаттанған біздің жүрегіміз шаттыққа толып, бойымызға қуаныш сезім ұялап, төбеміз көкке жеткендей болды.

Мен 9-сынып оқушысы қызым – Розалияға: «Бір кезде Жәңгір хан қазақ балаларын осында оқуға әкелген, қазақ

зиялылары осы Қазаннан білім алған, қызым сен де осы жерден терең білім алып, тіл үйрен, өзің сүйіп оқитын Мұхтар Шаханов, Қайрат Жұмағалиев, Жұбан Молдағалиев, Ақұштап Бақтыгерееваның өлеңдерін татар тіліне аударып, Қазақты бүкіл татарға танытатын өзің боласың» деген ақ тілекпен Қазандағы дарынды балаларға арналған мектептің 9-сыныбына табыстадым. Облыс әкімі Нұрлан Ноғазовтың қызымның ұялы телефонына жіберген сәттілік тілеген хатын бірнеше рет оқып тұрып: «Әке сеніміңді ақтаймын!» - деп күлімдеп қала берді.

Трамвайда әңгіме-дүкен құрып тұрған жігіттерден іздеген аялдаманы сұрадым, олар бірге түсеміз, қайдан келдіңіз, - деді. Мен: «Бауыр, мен Қазақстаннанмын» - дедім үлкен мақтанышпен. Бәрекемді, құда болдың ғой, деп әңгімесін жалғастырып, күн-көріс қамымен жан-жақтан кісі көп келеді, ал қазақтар тойға келеді, сендердің президенттерің ақылды адам ғой, Назарбаевтың арқасында бақытты ғұмыр кешіп жатырсыздар, Оралда үлкен сабан той жасап, жан-жақтан бүкіл татардың басын қосқан басшыларының еңбегі, екі ел тойда кездесейік, қазақтарға Айраттан дұғай сәлем! - деді.

Сонау кеңес дәуірінде Беларусь жерінде әскерде болғанда осы Татарстаннан қасымда бір жігіт болған, көрмегелі 24 жыл өтті. Кәдімгі телеарнадан көретін «Күт мені» бағдарламасындағыдай сөтке бір ауыл куә болды. Мен өйткені сарғайған сары хаттай сары шал болған досымды таптым Қазақстаннан. Ол мені іздеп келгенде «Біздің жігітті Қазақстаннан іздеп келді» деп бір ел қуанды, - деп ол да өз қуанышымен бөлісіп жатты.

Тұрмыстық мас болу яғни, күн сайын аз мөлшерде спирттік ішімдікті қолдану (мысалы, жұмыс күні бір шөлмек сыра ішу) болмаса, анда-санда алкогольді көп мөлшерде қабылдау.

Ішімдікке салыну тіпті аз мөлшерде ішкеннің өзінде де созылмалы алкоголизм – ішпесе шыдай алмайтын дертке шалынады және де адамның мінез-құлқы өзгереді. Маскүнем әр нәрсені сылтау етіп, ішуді мақсат етеді, сөйтіп үйреншікті дағдыға айналады.

Алкоголизмнің сипаттары:

спирттік ішімдіктерге әуес болу

ішкен ішімдікке бақылаудың болмауы, яғни өлшеусіз ішу

қорғаныс рефлексі, құсу рефлексінің табылуы

«бас жазу» синдромы «яғни ішкісі келу» бұл жағдайда алкогольсіз ағза дұрыс жұмыс жасай алмайды.

Есін жоғалту.

Алкоголизмнің алғашқы сатысы шамамен 5-7 жылға созылады.

Келесі сатысы 10-15 жыл, содан соң мидің нерв клеткалары зақымданады, алкогольдік энцефалопатияға ұшырайды. Мұндай кезде адам алкогольді көтере алмайды, еңбекке жарамсыз, ақылынан айырылады.

Алкоголизмнің (маскүнемдіктің) өмірдегі, қоғамдағы, жанұядағы сипаттары тек зиянды да жағымсыз әсерлерден тұрады екен.

Тоқтала кетсек, араққұмар адамның мінез-құлқы өзгереді, келеңсіз жағдайларға душар етіп, жанұяның берекеті кетеді, тіпті балалар да маскүнемдікке салынуы мүмкін.

Спирттің салдарынан орталық мидың нерв жүйесі әлсірейді, есте сақтау қабілеті төмендейді, түсініксіз дыбыстар естиді, бүйрек пен жүрекке, бауырға әсері орасан зор, өмір ұзақтығын кемітеді.

Алкогольдің әсерінен мінез-құлқы өзгереді, бұзақылыққа, түрлі қылмыстарға, жол апатына әкеліп соғады.

Алкогольдің сүйекке тигізетін әсерінің бірі сүйек сынғыштығы, себебі спирт денедегі сүйектерді қалыптастырушы бөлшектерді зақымдайды,сынған сүйектің емделуі ұзаққа түседі.

Ішімдік қандағы ақ түйіршіктерді азайтады, яғни иммунитет жойылады, сонымен қатар организм жұқпалы ауруларға қарсы тұра алмайды.

Сондай-ақ, алкоголь қан аздығына әкеліп соғады, дәрумендер, соның ішінде «В» тобын жояды, оның соңы бас айналу, көздің әлсіреуі, тепе-теңдіктен айырылуға әкеліп соғады.

Алкоголь әйелдерде ерте өлуге, ерлерде белсіздікке әкеледі. Осы маскүнемдік дүние есігін ашқан ұрпақтың мүгедек болып туылуына кесірі тиеді. Бала болашақта кемтар, тұйық, ашушаң болып келуі, тіпті өсе келе ішімдікке әуес болуы ықтимал.

Алкогольді тұтынудан ең көп зиян шегетін - жанұя. Бала өзінің жанұясында көп нәрсені үйренеді, өмірге бастау алады. Егер жанұяда адами құндылықтар сақталмаса, маскүнемдікке жол берілсе, бала сыртқы ортадағы нашар әсерлерге тартылып, бұзақылыққа барады.

Алкогольдік ішімдіктің тағы бір жаман жағы - экономикалық тұрғыдан қарағанда жанұяның материалдық қажеттігін өтей алмауда. Себебі, тапқан табыс ішімдікке жұмсалып, бала-шаға қараусыз қалады. Осылайша балалар әке-шеше мейірімінен қағылады, балада психикалық ауытқулар мен әлеуметтік қысымдар пайда болады, бұл орны толмас өкініштерге әкеледі.

Қорыта айтқанда, арақ-құмарлықтың (маскүнемдіктің) душар етер жағдайлары:

адамның басты байлығы – денсаулығынан айырылуы;

адами қасиеттерін жою;

жанұя бақытынан айырылу, өз ұрпағын мәңгүрттікке әкелу;

қоғамдағы кесепаттар және де тағы басқа орны толмас өкінішті оқиғалар орын алады.

Қадірлі студент! Сіздер осы мақаланы оқи отырып, ақылды шешім қабылдап, қоғамға зардабын тигізгіп, денсаулыққа зиянын келтіретін әдеттерден бойыңызды аулақ ұстарсыздар деген ойдамыз.

Еліміздің келешегі – білімді де, дені сау жастар, сондықтан сапалы біліммен қаруланып, спортпен шұғылданайық, ауырып ем іздегенше, ауырмаудың жолын іздейік!

М.К.ЕСПОЛОВА,

жалпы тәжірибиелік дәрігер ШЖҚ «№ 3 қалалық емхана» МКК

Өнерпаз студенттер өрде жүзгей!

«Жігіттің көркі – өнері, Талап – кісі мұраты. Өнер қалмақ артында – Дүниенің өшпес шырағы.

Майлықожа Сұлтанқожаұлы

Өнерлінің өрісі кең. Өнер демекші, мәдениет және өнер факультетінде оқу жылы басталысымен, факультет студенттері арасында түрлі шаралар ұйымдастырылып өткізілуде. Анығырақ айтар болсақ, қаламыздың 400 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылған шараларға факультет студенттері де өз үлестерін қосты. «Хореография» кафедрасының оқытушысы Қ.Қадырбекованың жетекшілігімен «Қыз Жібек» ансамблі, университет оркестрі, музыкалық білім кафедрасының магистранты Қ. Кисметовтың жетекшілігімен «БатысStar» тобы секілді өнерпаз студенттеріміз өз өнерлерін көрсетті.

Қыркүйек айының 18-і күні «Дала дарындары» атты облыстық фестиваліне факультетішілік іріктеу кезеңі өткізіліп, іріктеу қорытындысы бойынша үздік деп танылған өнерпаздарымыз қыркүйектің 20-сы күні өткізілген облыстық «Дала дарындары» жастар шығармашылығы фестивалінде бақ сынады. Фестивальдің негізгі мақсаты - Батыс Қазақстан облысындағы жас таланттарға қолдау көрсетіп, өнер жолында жаңа есімдер ашу. Байқауға 16-30 жас аралығындағы жастар қатысқан болатын. Фестиваль 7 номинация бойынша өткізілді.

Бұл фестивальде М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті студенттерінің бағы жанып, жүлделі орындарды қанжығаларына байлады. Мәдениет және өнер факультетінің студенттері Қасымова Зинат «Дәстүрлі ән» номинациясы бойынша 3-орынға, Абилов Гизат «Эстрадалық вокал» номинациясы бойынша 3-орынға қол жеткізсе, «Кәусәр» триосы «Эстрадалық вокал» номинациясы бойынша 2-ші орынды иеленді. Ал, «Қыз Жібек» ансамблі Бас жүлдені қанжығаларына байлады. Жеңімпаз атанған «Қыз Жібек» ансамблі Астана қаласында өтетін халықаралық «Шабыт» фестиваліне жолдама алады. Ендеше жүлделі орын алған өнерпаз студенттерді құттықтай отырып, шығармашылық шабыт, толағай табыстар тілейміз. Ал, «Қыз Жібек» ансамбліне жемісті жетістік тілеп, халықаралық «Шабыт» фестивалінен жүлдемен оралатындарына үлкен сенім артамыз.

Мәдениет және өнер факультеті

ДЕНСАУЛЫҚ – ел дамуының басты арқауы

Денсаулық – адам өмірінің ең жоғарғы, бағалы дүниесі. Өміріміздің шаттығы мен қызығы осы денсаулыққа байланысты. Жеке адамның да, мемлекеттің де, қоғамның да басты байлығы – денсаулық екені ақиқат. Бірлігі жарасқан егемен елімізде үкіметіміз денсаулық сақтау ісіне, адамның дені сау, ағзасының күшті болуына ерекше көңіл бөліп келеді. Өйткені кез-келген елдің болашағы – дені сау ұрпағында. Дені сау адам өзі үшін де, ол өмір сүріп жатқан қоғам үшін де керек. Егер денің сау болса, өзінде, айналаңдағы өзгелер де бақытты болады.

Қазақстан Республикасының Президенті, Ұлт көшбасшысы Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан - 2050» Стратегиясы: «Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан Халқына Жолдауында: «Бүгінгі күні біздің ерқайсымыз «Қазақстан - 2030 Стратегиясы» іске асты, заманауи Қазақстан орнықты деп айта аламыз. Бұл – біздің бірлігіміздің, табанды да қажырлы еңбектің нәтижесі, ұмтылысымыз бен үмітіміздің жанды көрінісі», - деп атап көрсетті. Біз бұдан еліміздегі денсаулық сақтау мәселесінің де әлемдік деңгейге сай дамып келе жатқанын аңғарамыз.

Біздің университетіміз де елдің ертеңгі жалғасы – дені сау ұрпақ тәрбиелеуде атсалысып келеді. Айта кететін болсақ, қазіргі таңда 14 спорттық секция жұмыс жасайды. Оның 10-ы дене тәрбиесі кафедрасы жанынан жұмыс жасаса, қалған 4-уі ДТМТӨО кафедрасы жанынан жұмыс жасайды. Бұл спорттық секцияда самбодан КСРО СШ К.И. Исмағұлов, самбодан КСРО СШ С.Ш. Бекбаев, қазақ күресінен ҚАЗСР СШ, самбодан КСРО СШ Т.С. Хасанғалиев, ЖАК доценті К.Т. Кубашев, т.б. оқытушылар қызмет етуде. Үздіксіз еңбектің арқасында студенттеріміз талай белестерді бағындырып келеді. 17-18 қыркүйек күндері Шымкент қаласында тоғызқұмалақтан оздырылған, ҚР кубогына « Дене шынықтыру және спорт» мамандығының 2-курс студенті Матылов Сайлан қатысып, 3 орынды иеленді. Университет студенттері арасындағы шағын футболдан оздырылған университет біріншілігіне 7 факультет қатысып, 1-ші орынды педагогикалық факультет, 2-ші орынды тарих және құқық факультеті, 3-ші орынды экономика және басқару факультеті иеленді.

Атақты ғұлама М. Монтень: «Денсаулықсыз өмір - қызықсыз әлем деп санаймын» - дейді. Шындығында, өмірге адам боп келген соң, адам боп өту, өмірді мәнді де сәнді өткізу, келешекке оң көзқараспен қарау – міндетіміз. Деніміз сау болсын десек, спортты серік етіп, салауатты өмір салтын ұстанайық, ағайын.

Айгерім ҚАЙЫРБЕКҚЫЗЫ,
педагогика факультетінің 06304-топ студенті



■ Үздік шығарма

Менің пірім – Махамбет

«Махамбет пен Исатай екеуінің де аңсаған арманы, мұраты – елдің еркіндігі мен тәуелсіздігі, бірлігі мен ынтымағы. Бүгін соған міне, біздер, Исатай мен Махамбеттің ұрпақтары жетіп отырымыз. Олай болса, Махамбет пен Исатайдың аруақтары алдында бас ие отырып, солар көрмей кеткен Тәуелсіздік туын тік ұстау – бабаларымыздың алдындағы парызымыз, бабаларымыздың алдындағы қарызымыз».

Н.Ә. НАЗАРБАЕВ

Қазақстан Республикасының Президенті

Өткенге көз жүгіртсек, қайсар қазағымыздың бөгде елдің құрсауынан босап, егемендікке қол жеткізгеніне 22 жыл толыпты. Шашынан сүйреленіп қорланған, темір торда нақақ торланған, көз жасы көл болған төл қандастарымыздың қызыл қаны, аппақ ары, төгілген терімен келген азаттық – халқымыз үшін Тәңірдің сыйы іспеттес. Батыр ер мен батыл бұрымдыларға бай алаш елі қашан да өз есесін өзгеге жібермеуге тырысқан. Ұлтымыздың ержүректілігіне – қазіргі таңда біз жемісін көріп отырған тәуелсіздік дәлел. Сол тәу етер тәуелсіздіктің жаршысы – Махамбет дер едім. «Боз ағаштан биік мен едім, Бұлтқа жетпей шарт сынған, Ел құтқарар ер едім, Жанбастан ақыры бір тынбан», – деп жар салған аркалы ер Бөкейдің Нарын құмында дүние есігін ашқан. Ол – ұлт азаттығы үшін күрескер тарихи тұлға, батыр ретінде біздің Тәуелсіздігіміздің бастау көздерінің бірі, отты, жалынды өлеңдері арқылы бар өмірін туған халқының мұңын жоқтауға арнаған ардақты ақын. Жастайынан ақындық өнерге құмартқан оның асқан дарындылығына қалың жұртшылық бас иген. Махамбет тек от ауызды сөз шебері ретінде ғана ел құрметіне бөленген жоқ, сонымен бірге, өзінің батырлығы, даналығы мен адамгершілігі арқасында да даңққа бөленді. Ол халық арасында болып жататын келеңсіз құбылыстар мен келелі істерді өлеңдеріне арқау еткен. Ел басына күн туса елім деп елжіреген ерлерді халқы әркез құрметтеген. Сондай марғасқалардың бірі – Махамбет батыр. Себебі, ол қараңғы түнелікте баз кешкен туған еліне сәуле шашқан күн боп жарқырады. Сонау 1834-1836 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі мен тарихтағы Тастөбе түбіндегі шайқас – осы бір сөзіме айғақ бола алады.

Иә, патша үкіметі бізді бағындырмақ болды, жай ғана мойындауды талап етпей, ұлдарды құл, қыздарды күң етпекші еді. Шонжарлардың үстемдігі, алым-салық, орыс бекіністерінің салынуы, сол кезеңнің сықпытсыз саясаты кінәсіз елдің, былайша айтқанда, быт-шытын шығаруға ұмтылды. Осы уақытта тепсе темір үзер Махамбет пен Исатай атты қос пырақ шама-шарқы келгенше жауға тойтарыс беруге тырысты. Қарашаны жинап, көтеріліске аттанды. Жерін жанындай сүйетін Махамбеттей ұл қазақ даласын бекерден-бекер қиянатқа қимады, тейіш өмір сыйлағанша, өзіне-өзі сыймады. Нағыз ер дерсіз!

«Исатай басшы, мен қосшы», – дейді бір өлең жолдарында. Әдебиет пен тарихтың қай-қайсысын алып қарасаңыз да, Исатай мен Махамбетті айырмай айтқан, өйткені, олардың шынайы достығы көпшілікке жақсы таныс. Қос қазақтың қара домалағы екі жарты бір бүтін бола алып, адал достықтың символына айналды. «Абайламай айырылдым, Ар жақтағы ерімнен Анау Нарын жерімнен, Тірі кетті демеймін, Кем болмады өлімнен». Осы өлең шумақтарынан-ақ ақынның қайғы тартқандығы, жолдасы мен кең қазақ жерінен көз жазып қалғандығы орасан зор соққы болып тигендігі айқын аңғарылады. Тағдырынан көп теперіш көрген асыл ер жеке басына қандай жағдай түспесін көтере білді.

Махамбет – өзінің барша болмыс қасиетімен көшпелілер көсемінің соңғы тұяғы. Ол өзі туып-өскен өңірдің Қамбар батыр, Ер Тарғын, Шалкиіз, Жиёмбет, Асанқайғы, Қазтуған, Сыпыра жырау, Доспамбет сияқты біртуар тұлғалардың өлмес мұрасын көкірегіне тоқып өскен. Әйгілі Сырым батырдың әділет сүйгіш, азатшыл рухы Махамбеттің бесік жыры болып, өмірінің мағынасына айналған деседі. Махамбет өзі өмір сүрген заманның ағымына жүйрік, көзі ашық, көкірегі ояу жан болған. Оның өлеңдері өз алдына бір төбе.

Жалынды жырлары демекші, ақын туындыларының өзіндік ерекшелігі бар. Көз алдында жүріп жатқан халқының күйбең тіршілігі мен әділетсіздікті көре отырып жазылған. Ақиқатты арқалаған, әділдікті ту еткен шоқтығы биік жырлары оқыған кісіге ерекше әсер қалдырады. Исатай досы жайлы жазылғандары қаншама. Халықты патшалық, хандық өкіметке қарсы қарулы көтеріліске шақырған алғашқы қазақ ақыны ол. Реалистік бағытта жыр шертіп, ауыртпалықты ашына айтты. Оның еркіндікті, теңдікті аңсаған, халқының мұңын мұңдап,

жоғын жоқтаған қылыштай өткір жырлары сол көтеріліс заманының ұраны болғандай. Ақынның өрлігі мен рухы, елді езігіш хан-сұлтандарға қарсы үндеушілік өз өлеңдерінде айқын аңғарылады. «Белгілі туған ер едім», «Мен едім», «Менің атым Махамбет» деген өлеңдерінен кісіліктің, ерліктің лебі есіп тұрады. Соған қоса, күйші әрі сазгер. Сегіз қырлы бір сырлы азамат.

Батыр баба біздің жақтың тумасы болғаннан кейін, оны және одан қалған мұраны көздің қарашығындай сақтап, кейінгіге дәріптеуді міндет санаймыз. Жалпы, батырдың жерлестері емес, күллі қазақ баласы ердің есімін ұмытпауға және ұлықтауға тиісті. Күй астанасы аталған Жаңақала өңірі – менің туған өлкем. Бізде Махамбет мұрасы жоғары деңгейде үгіттеледі. Орталық көшенің бойында ақынның суреті көрініс тапқан. Оған қоса бұл жаққа кіріп келе жатырған жолда Тастөбе шайқасына байланысты салынған ескерткішке куә боласыз. Ауданда орын алған қос мектепке де хас батырлар Махамбет пен Исатайдың есімі берілмекші деген жағымды сыбыс та бар. Ерліктің белгісі – Өтемісұлы Махамбет сынды текті тұлғаның еңбегі бар қазақ жерлеріне құлашын жайса деймін. Ол туралы осы қоғамда өмір сүріп жатырған әр адамзат біліп, үлгі алса, шіркін!

Қорыта келгенде, Махамбет – ұлтымыздың пешенесіне жазылған бақыт, өмірдің біздің өлкеге берген сыйы, өр ұлы. Аtpалдай азаматымыздың асқақ арманы, міне, іске асып отыр. Көрмей кеткен еркін өмірге ХХІ ғасырдың өскелең ұрпағы қол жеткізіп отырмыз. Теңдік пен елдікті тілеген, бостандық пен азаттықты аңсаған ол тарихта ойып тұрып орын алады. Қиып түсер өткірлігімен, нәсердей екпінімен, ешкімге ұқсамайтын өзіндік қасиетімен мәңгі есте қалады.

Халық жазушысы, мемлекет қоғам қайраткері *Әбіш Кекілбайұллының «Тәуелсіздік жолында қан да төгілген, жас та төгілген, денесінен бас та бөлінген. Басы бөлінгенмен ары төгілмеген. Арлыларды әңгімелесек, биіктемесек, аласармаймыз»*, – деген сөзі Махамбетке арналған болатын. Ол – тегеуріні мықты тұлпар секілді талайды тамсандырған талантты ұл. Текті елдің ұл-қызымыз ғой, Нарынның нар ұлын насихаттаудан нәтиже шығарсақ – үлкен жетістік. Демек, қанатымыз талмай, елге жеңіс сыйлауға септігін тигізген



■ Махамбет сөздігі

Қадірлі студент жастар! «Махамбет» халықаралық ғылыми-зерттеу орталығы ұлы тұлға Махамбет сөздігін әзірлеуді қолға алды. «Махамбет дауысы» жаршысы бетіндегі жаңа айдарды филология факультетінің ІІ курс студенті **Татаханова Айдана Сабырқызы** жүргізеді. Алғашқы тың қадам! Іске сәт!

Махамбет XF30

«Қас үлектен туған қатепті»

Айдана ТАТАХАНОВА,
Ғылыми жобаға қатысушы студент



Махамбет – төгілген тармақтардың, тегеурінді тіркестердің ұстасы. Махамбет поэзиясының тілі, шын мәнінде, халықтық тіл. Ақынның дауылды жырларының әрбір үзігінен халық даналығы, танымы мен талғамы, ұрпақтан ұрпаққа мирас болып келе жатқан асыл қазынаның жақұт-жарқылы еседі. Махамбет баба жырлары шешендік тағылымға, ұшқынды ойларға толы. Махамбет ақынның «Толарсақтан саз кешіп, Тоқтамай тартып шығарға. Қас үлектен туған қатепті, Қара нар керек біздің бұйткен бұл іске» болып келетін жолдарындағы «үлек» сөзінің бірінші мағынасы *нар түйенің таза тұқымды бурасы; екінші мағынасы үлек бота - таза үлек пен аруанадан туған жалғыз өркешті еркек бота дегенді білдіреді*. Бұл орайдағы «қас» күнделікті қолданысымызда *біреуге жамандық ойлаушы, өш алушы дұшпан, жау мағынасында*, сондай-ақ *өдейі, жорта қастық істеу* деген ұғымдарда қолданылады. Ал жоғарғы контексте *тым, аса, нағыз* деген мағынада «үлек» сөзімен тіркесе келе *нағыз таза тұқымды, қаны таза, асыл текті* деген мағынада берілген (Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / Жалпы редакциясын басқарған Т. Жанұзақов. - Алматы: Дайк-Пресс, 2008. - 870 б.)

Ал «қас үлектен туған қатепті» тармағындағы «қатеп» тұрмыста жүк батпас үшін нар түйенің үстіне лайықталып жасалған жабдық дегенді аңғартады. Сәйкесінше «қатепі бар нар жүкке мойымайды» деп жатады. Бұл жердегі ақынның суреткерлік шеберлігі соншалық - біздің қолға алған бұл іске нағыз суға салса батпайтын, отқа салса күймейтін, еш нәрсеге мойымайтын, мақсатынан қайтпайтын хас батыр ғана шыдайды деген мағынаны бір ғана сөзбен өрнектей білдіруі ақынның қаншалықты ойының ұшқырлығын, бейнелеу, теңеу сөздерін айқын пайдалануын, тек құр ұйқас сөз қумай, ақындық нақтылықпен өмір шындығын қаз-қалпында қолдан құйғандай етіп поэтикалық көркемдік шындыққа айналдыру шеберлігін тайға таңба басқандай аңғартса керек-ті. Бұл реттегі сөздер - ой теңізінің тұңғық түбінен терілген, өлшемдік бітімі, идеялық табиғаты, тілдік қуаты әбден пісіп, айқындалып барып өмірге келген маржан тіркестер. Демек, Махамбет шешендігінің, шеберлігінің құдіреттілігі, туындыларының саф алтындығының бір қыры осында деп білеміз.

бабаларымызды бұдан әрі ұлықтай береміз де. Еділ үшін егесіп, Жайық үшін жандасқан, Қиғаш үшін қырылып, Тептер ішін тебіскен Махамбет қазақта дара. «Өлді деуге бола ма, ойлаңдаршы, Өлмейтұғын артына сөз қалдырған», - деп хакім Абай айтпақшы, жақсының игі ісі халық жадында мәңгі тұрақтайды. Өзі жырға қосқан «атадан туған аруақты ердің» абыройы арта берері анық.

Мәлдір ЛАТИФОВА,

02105-топ, «Филология: қазақ тілі» мамандығы

Отзыбы

Makhambet by his poetic pathos, glorified current valuable wishes of the national soul: freedom, equality, a worthy human life, desire to take vengeance on the sworn enemy.

Every word, burning as a flame and acute as a damask steel sword, of the poet disturbed, encouraged hearts of each Kazakh national, who rushed about in search of a light way to the future.

All this led to the poet's death, who was killed by Baimagambet's mercenaries in November 1846 on the Karoi plain.

Berkair Amanshin

Махамбет высшим своим поэтическим пафосом воспевал настоящие драгоценные желания души народной: свободу, равенство, достойную человеческую жизнь, желания отомстить заклятому врагу.

Жеучие как пламя, острые, как булатный меч слова поэта волновали, подбадривали сердце каждого казаха,

метаवेशегося в поисках светлого пути будущего.

И все это привело к тому, что поэту пришлось погибнуть от рук наемников Баймагамбета в ноябре месяце 1846 года на равнине Караой.

Беркайыр Аманшин

A brave man, as well as a poet with a tender heart, Makhambet was a soul of the uprising, and he was the first who urged Isatai on the way of resolute armed struggle.

Alexander Ryazanov

Махамбет был душой восстания и первый подтолкнул Исатаю на путь решительной вооруженной борьбы.

Александр Рязанов

«Махамбет дауысы» («Голос Махамбета» - «Makhambet's voice») жаршысының жауапты редакторы А.С.Қыдыршаев (орталық директоры), тілшілері - Г.Исмағұлова (орталық әдіскері), М.Латифова (02105-топ, «Филология: қазақ тілі» мамандығы)



■ Көшбасшы тұлға сөйлеу мәдениеті



Бүгінгі студент - ертеңгі іскер кәсіби маман. Ал іскер көшбасшы маманның сөйлеу мәдениеті қалай болуы тиіс? Атақты Сырым Датұлы: «Сөз анасы - құлақ, су анасы - бұлақ, жол анасы-тұяқ» деген. Дана Абай: «Көңілсіз құлақ – ойға олақ», - деп түйеді. Мақсатымыз - егер тыңдар құлақ болса, осы айдар барысында келешек іскер мамандарымыздың сөйлеу мәдениетінің қалыптасуына жәрдемі тиер бірер тәжірибелік қағидалы тұжырымдарымызды ұсынбақпыз.

Қадірлі дос! Шешендік өнерді меңгеру – табыс кепілі. Бұл айдар барысында айтылар кеңестер - көзге түсу үшін емес, тыңдар құлақ үшін, тиімді сөз сөйлеу туралы. Кімдердің құлағы үшін? Қандай құлақтар үшін? Алғашқы кезде өзіміздің құлағымыз үшін дер едік. Сіз не айтып тұрғаныңызды ең алдымен өзіңіз естіуіңіз керек. Өз тыңдаушыларыңыздың құлағын назарға ұстау жөн. Кімде-кім оқу сәтінде қателессе, қашан да сол тұсқа кері оралып, дұрыстап қайтадан оқи алады. Ал тыңдаушы бұлай істей алмайды. Тыңдаушыға хабарды жеткізу - іскер де шешен маман ісі.

Жалығып кеткен жағдайда не қызықсыз болып жатса, оқырманға өзі оқып жатқан дүниесін кері ысырып қоя салуға қашан да болады. Ал аудитория жалыққан жағдайда не қызықсыз болса, тыңдаушы сізді тыңдауды қойып мүлдем басқа нәрсені ойлары хақ. Бұл ретте оңтайлысы - өз идеяларыңызды тыңдар құлаққа жағымды және назар аударуды қажет ететін жанды дауыспен жеткізіп айтуға ұмтылу. Ал сөзіңізді эмоциональды қалыпта юмор араластыра қысқа түрде жеткізе алсаңыз, аудитория - сіздікі.

Кеңестерімізді қысқа да нұсқа, мейлінше жинақы

Сөз сөйлеуге қалай даярланамыз?

Ұйымдастыра білген қашан да ұтады. Студент іс-әрекетінің алдын-ала ұйымдастырылуы - нақты, логикалық тұрғыда ойлануға және тиімді қалыпта хабарлама жасауға бастар жол. Сөз сөйлеудің қандай формасын (сөз сұлбасы, тірек сөздер не толық концепт) қолдансаңыз да, сіздің бұл орайдағы алғашқы қадамыңыз бастапқы жоспар ретінде қабылданады. Бұлар әрқилы. Олар сан алуан жаңа дағдыларды талап етеді. Олар өте-мөте нәзік қимылды қажет етеді. Бұл орайда баса ескереріміз: сөйленер сөздің көру үшін емес, тыңдар құлақ үшін екендігі. Сөйлеу мәдениетін дамыту үшін, дауыстап сөйлеу бірден-бір маңызды. Бұл ретте өлең, жаңылтпаштар, алдын-ала сөйленер сөздің жобалы нұсқаларын оқытудың ешбір артығы жоқ. Керісінше, өте пайдалы. Өз дауыс ырғағыңызды және көпшілік алдында өзіңізді қалай алып шығарыңызды алдын-ала көріп-біліп болжағанға не жетсін. Барынша аз жазып, көбірек сөйлеуге, өз-өзіне көбірек сұрақтар бере отырып, динамикалы қалыпта сөз сөйлеудің техникасын дамытуға ұмтылу орынды.

Сөйленер сөз. Қашан да аудитория шешеннен тыңдаушыларды жалықтырмай, тақырыпқа сәйкесті ақпарат беретін не сенім ұялатар түйін айтатын және көпшілікке беймәлім тосынсыялармен риза қылар мезеттерге толы тұшымды сөз күтеді. Сондай-ақ аудитория кейін дұрыс шешім қабылдау үшін, шешеннен нақтылы ақпарат, сөз мазмұнына сәйкес мағыналы тұрғыда бағыт сілтер, алғы істерге орайлас үлкен сенім туғызар тұжырым күтеді. Көбіне-көп мәжілістер өткізілер залдар үшін, тосынсыялар мен түрлі көңіл көтерер сергіту сәттері тән емес. Бірақ бұл осы реттегі сөйленер сөздің бір сарындас не жалықтырар қалыпта болуы керек дегенді аңғартпайды. Тіпті де керісінше. Қайта бұл реттегі сөз жанды да қайталанбас қалпымен ерекшеленсе ұтымды болмақ.

Сөйленер сөздің мазмұны. Ең алдымен, істі бастамас бұрын, сөйленер сөзге және оның мазмұнына өзіңіздің қатысыңыз, көңіл-күйіңіз, көзқарасыңыз туралы айқындыққа жету, ең бастысы өз-өзіңізді мысқал да алдаусыратпай, адал болғаныңыз жөн. Себебі сіздің бұл реттегі мысқал да болса жағымсыз көзқарасыңыз ұйымдастыру ісінің, өзіндіктің және сөйлеу сәтінің әрбір аспектісіне жайыла отырып, ақырында аудиторияның сөзіңізді жағымсыз қабылдауына әкеліп соқтыруы мүмкін. Егер де сіз өз сөзіңізде айтар идеяларыңызға көпшіліктің қарсы болуы мүмкін деген сезімнен бастасаңыз, осы сезімді тыңдаушыларыңызға жұқтыруыңыз мүмкін, нәтижеде олар өзіңіз қорқасоқтап күткендей қатты қарсылық білдіруі әбден мүмкін.

Мақсаты. Іштей өз-өзіңізден: «Мен не үшін сөйлеуге тиіспін?» - деп сұрап көріңізші. Егер де бұл сұраққа сіздің жауабыңыз болмаса, іздеп тауып көріңіз. Әрбір сөйленер сөздің айқын мақсаты болуы тиіс. Сөз сөйлеуге келгенде айқын да анық себебіңіз болмаса, сөйлемеген жөн. Өзіңіздің де, тыңдаушыларыңыздың

қайыруға ұмтылды. Айдар материалдарын көрер көз үшін емес, «тыңдар құлақтар үшін» ұсынды. Көпшілік жағдайда сөйленген сөз жазып алғандай естіліп жатады. Дұрысы - қандай үлкен аудиторияның алдында сөйлегенде де, күнделікті сөйлеген қалыптағыдай болу. Тәжірибе көрсеткендей, қарындашпен, қағазбен өткізген ұзақ уақыт көпшілік алдында табысқа жетуге кепілдік бере алмайды. Сөйлеу сәтінде қағазға жазылған әдемі сөздерді қолдану міндетті емес. Айдар материалдарын - іскер мамандардың аудиторияда, мәжіліске арналған залдарда сөйлеген сөздері мен шаршы топ алдындағы шешендік тәжірибелерінің жиынтығы ретінде қабыл алғайсыздар. Бұл ретте студент жастардың жеке ерекшелігі мен өзіне сенімділігін қалыптастыруға ұмтылысы баса ескеріледі. Студент жастардың бойына шешендік дағдыларды белсенді түрде қалай жұғымды етуге болады? Біздіңше, барлық іс осы бағытқа орайлас әзірленген еңбектерге бірден-бір байланысты. Сол себепті де ұсынылатын кеңестерімізде барынша практикалық мүддені көздеуге ұмтылды.

Студент! Айдар барысында өрілген кеңестерді басшылыққа алсаңыз, нәтижеде сізде бұрынғыдан да жақсы сөйлеу, әрбір іскер адамға қажетті топ алды не іс басында шебер сөйлеудің белгілі бір дағдылары жинақталып, ісіңіз нәтижелі тұрғыда оңға басар деген пікірдеміз. Әрине, кенесіп пішкен тон қашан да келте болмасы сөзсіз. Аталмыш айдар материалдары туралы ұсыныс-пікірлеріңізді редакция алқасына жеткізіп жатсаңыз, алдын-ала алғысымызды білдіреміз. **Қадірлі жас дос!** Ертеңгі іскер көшбасшы маман ретіндегі сөйлеу мәдениетіңізді қалыптастырғыңыз келсе бізбен бірге болыңыз.

Құрметті студент! Университетіміздің «Өркен» газетінің бетінде ашылған «Шешендік мектебі» жаршысы арқылы «Көшбасшы тұлға сөйлеу мәдениеті» айдарын ұсынамыз. Айдарды педагогика ғылымдарының докторы, профессор **Абат Сатыбайұлы Қыдыршаев** жүргізеді.

Құлақ түріңіз! Көз жүгіртіңіз!

да алтын уақытын құр босқа жоғалтпағанға не жетсін.

Аудиторияны білу. Өз-өзіңізден іштей: «Мен кімге (кімдерге) сөйлеймін?» - деп сұрап көріңіз. Қашан да қандай болмасын даярлықты бастамас бұрын, өз аудиторияңызды білген жөн.

Алғашқы ой үзіктері. Кезекті тақырып бойынша өзіңіз айтар мәліметтердің бәрін де қағазға түсіріңіз. Жинақталған материалдарды салған жерден жүйелей бастау міндетті емес. Басыңызды артық нәрселерден босатып, ойлар тасқынына ерік беріңіз. Бұндай сәт сіздің ойлап шығарушылық қабілетіңіздің еселеп артуына септеседі. Біз бұларды «ой үзіктері» дегенді жөн көреміз. Шаршап не жалығып кетсеңіз, ой үзіктерін теруді қоя салып, өзге іспен айналысыңыз. Миыңыз бәрібір жұмыс жасай береді. Ақырында аса қажетті, нақтылы да қызықты ой міндетті түрде жүйеленеді.

Негізгі ой. Сөйлер сөздің басты ой ұшығын жүйелеп жинақтай отырып, жазып шығыңыз. Бұлайша істеу аудиторияны, мақсатты және күтілер нәтижені анықтауға бірден-бір сеп. Бастысы, жазғандарың белгілі бір саланы аңғартардай (*мәселен, идеяны, концепцияны, өзіңізді, өнімді*) болғаны дұрыс. Мысалы, менің сөз сөйлеудегі мақсатым - ұсынылып отырған жобаның жүзеге асыруға оңтайлығы әрі пайдалылығына кеңес мүшелерінің көзін жеткізу.

Егер де сіздің негізгі ойыңызда басты сөз «тәрбиелеу» болатын болса, мүмкіндігіне қарай бұның орнына басқа сөзді алғаныңыз жөн. Себебі «*тәрбиелеу*» сөзінің көзге көрінбейтін жасырын психологиялық мағынасы - шешендерге өз тыңдаушыларына шекеден қарап сөйлеуге, нотация оқуға, әкелік мәнерде сөйлеуге мәжбүр ететіндей. Ал егер де сіз «*хабарлау*» сөзін таңдап алсаңыз, онда міндетті түрде негізгі ойға аудиторияға хабарлаудың қажеттілік себебін айтуды енгізген дұрыс («*Оларға бұл ақпарат не себептен қажетті?*»). Ал көпшілік жағдайда шешен үшін «*мәлімет беру*»-өзгелердің білуі аса қажеттілік туғызбаса да, өзі білетін тақырып төңірегінде айту секілді эгоистік тұрғыдағы ойды талқылауға жол ашар алғы шарт іспеттес. Мейлінше тиімді де қомақты нәтижелерге қол жеткізу үшін үнемі бірден-бір керекті тірек сөздерді іріктей білу, қолдана білу жөн. *Мәселен, сендіру, көз жеткізу, иландыру, қол жеткізу, дәлелдеу.* Кім болса да, біреуге өзіңіздің негізгі ойыңызды дауыстап айтып көріңіз. Одан осы орайдағы мақсатыңызды сұрауды өтінііз. Қорғана бермей, мейлінше шынайы болуға тырысыңыз. Бұл ретте өзіңіздің негізгі ойыңызды қорғауға, бекіте түсуге немесе өзгертуге ұмтылыңыз. Сонда ғана сіз оны күштірек, салмақтырақ ете түсесіз, сонда ғана негізгі ойыңыз сіздің миыңызда қомақтала, шегелене түседі. Нәтижеде өзіңіз таңдаған негізгі ойыңызды, сөйлер сөзіңізді толық жүзеге асыра аласыз.

Даярлану сатысы. Шешендердің басым көпшілігі сөз сөйлерге дейін-ақ өзінің не айтарын және тыңдаушыларға өз ойларын мен

■ Шешендік қисыны

Қадірлі дос! Қазақ ұлты – от ауызды, орақ тілді дүлдүл шешен халық. Шешендік қанымызда бар. Шешендік – ықылым заманнан бері ата-бабамыздан кейінгі ұрпаққа жеткен құндылық көзі. Шешендік – ұлт тектілігінің айғағы. **«Шешендік мектебі» жаршысы** бетіндегі қазақ шешендік өнерінің теориясы мен практикасына қатысты тәжірибелік тұжырымдарды жинақтау мен талдауға қатысты **жаңа айдарды** филология факультетінің II курс студенті **Қадырбай Рысгүл Дүйсенқызы** жүргізеді. Ізгі бастамаға ақ жол тілейміз!

Редакция алқасы

Ахаңның лингвисторитикалық қисындары

Рысгүл ҚАДЫРБАЙ,
ғылыми жобаға қатысушы студент



* Сөз өнері адам санасының үш негізіне – *ақылға, қиялға, көңілге* тіреледі. **Ақыл ісі** – аңдау, яғни нәрселердің жайын ұғу, тану, ақылға салып ойлау; **қиял ісі** – меңзеу, яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бейнесіне ұқсату, бейнелеу, суреттеп ойлау; **көңіл ісі** – түйю, талғау.

* **Тілдің міндеті** – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түйюін түйгенінше айтуға жарау. Мұның бәріне жұмсай білетін адамы табылса, тіл шама қадарынша жарайды. Бірақ тілді жұмсай білетін адам табылуы қиын. Ойын ойлаған қалпында, қиялын меңзеген түрінде, көңілдің түйгенін түйген күйінде тілмен айтып, басқаларға айтпай білдіруге көп шеберлік керек.

* **Шешен сөз мақсаты** – негізгі пікірді баяндап, түрлі дәлелдермен сипаттап түсіндірумен қоймай, пікірге нандыру, сендіру, ұйыту, балқыту, иман келтіру. Оны істеу үшін *шешендер* өз сөздерінде адамның ақылына қону жағын ғана көздемейді, сөздің қанға, жанға әсер етіп, арбау сияқты адамның ойын да, бойын да балқытып билеп алып кетуге ыждаһат етеді.

* **Шешен сөздің «қыздырма»** яки «қоздырма» («*қамал бұзар*», «*жүйе босатар*», «*құйқа шымырлатар*») деген айрықша бөлімі болады. Оның қызметі адамның жүрегін билеп, жүйесін босату, қанын қыздыру, намысын келтіру, арқасын қоздыру.

* **Шешен сөздің** тілі уытты, лепті, әсерлі, қанды қайнатып, жүректі тулатып, естен айырып, ерікті алып кететін күшті, көрнекті, сәнді, мәнді тіл болады.

* Жүйрік аттың сипаттары секілді асыл сөзде де белгілі сипаттар болады.

* Өнердің ең алды – **сөз өнері**. Қандай сәулетті сарайлар болсын, қандай сымбатты я кескінді суреттер болсын, қандай әдемі ән-күй болсын, сөзбен сөйлеп, суреттеп көрсетуге, таныстыруға болады. Бұл өзге өнердің қолынан келмейді.

* **Шешен сөздің** зор мүшелері бесеу : а) бастамасы; ә) ұсынбасы; б) мазмұнамасы; в) қыздырмасы; г) қорытпасы.

Пікірді баяндап, түсіндіріп, дәлелдеп, сипаттап, ақыл жағы қанағаттанғаннан кейін жүрек жағына әсер етіп, бойын балқыту жеңіл болады.

идеяларын қалай тиімді жеткізерін нақты біледі. Ал бұған тер төге әзірленудің, бел шеше даярланудың арқасында қол жетпек. *Қалай даярлануға болады? Біздіңше, оның кейбір қағидалары мыналар: сөйлер сөзіңізді емес, айтар идеяңызды есте сақтауға жаттығу; жаттауға ұмтылмау; дауыстап айтуға жаттығу; әр көз сөйлер сөзіңізге не презентацияңызға ақыр соңына дейін дайындалу; көрнекі құралдар қолданар болсаңыз, өзіндікті тұтас бірлікте жүргізе білу; мүмкіндік бар жерде өзіндікті тыңдаушылармен бірлесе жүргізу; даярлықты сіздің сөйлеген сөзіңізге адал жүректен сын айтар аудиоредактор болар адаммен бірлікте жүргізу әбден тиімді.*

Ішкі байланыс. Тыңдаушылармен ішкі байланыс орнатқайсыз. Өз сөзіңіз бағытталар аудиторияның мөлшерін біле отырып, оның әрбір бөлігімен байланыс орнату жөн. Егер де аудитория мейлінше үлкен болса, ондай жағдайда дәрісхананы ойша төрт бөлікке бөле отырып, көз жанарыңызбен бір бөлік орталығынан екіншісіне ауысып отыруға бағыт ұстану дұрыс. Бұндай ретте жекелеген бөлімнің әрбір адамына сіздің үнемі жіті назар аударатыныыз хақында көзқарас қалыптаспақ. Ал адамы аз кішкене топтарда кейде қатысушылардың әрқайсысына назар аударуға ұмтылғайсыз.

Ым-ишарат. Әрбір ым-ишаратыңыз табиғи болуы тиіс. Егер де олар сіздің сөйлеген сөзіңізден туындап жатса, әбден орынды болғаны. Ешқашан да ым-ишарат қолдануға алдын-ала дайындалмау, басқаша жағдайда олар ойдан шығарылған ебедейсіз әрі жасанды болмақ. Кең көлемді де, күшті де жағымды ым-ишараттар сіздің баяндауыңыздың мән-мағынасын арттыра түседі. Қашан да өзіңіздің ең үздік көрнекілік екендігіңізді есте сақтағайсыз. Қимыл-қозғалыстан қорықпау жөн. Бір орында қақшыып қатқан қазықтай қозғалмай тұруды жөн дей алмаймыз. Сондай-ақ әрлі-берлі мағынасыз қозғала беру де дұрыс емес. Күшті идеялар ұсынған тұста тұрыс-қалпынды өзгерту, кідіріс сәтінде бірер қадам ілгері аттау сөзге жандылық қосып, құрыс-тұрыстарды жазуға сеп.

(Жалғасы келесі санда)

«Шешендік мектебі» («Школа ораторского искусства» - «School of oratory») жаршысының жауапты редакторы - А.С.Қыдыршаев, тілшісі - Мөлдір Серікқалиева (02105-топ, «Филология: қазақ тілі» мамандығы).

Дені сау ұрпақ – жарқын болашақ!

Қыркүйек айының 29-шы жұлдызында ҚР Президентінің Қазақстан халқына Жолдауындағы «Біз салауатты өмір үшін!» атты бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында және М.Өтемісұлының 210 жылдық мерейтойына орай жаратылыстану-география факультеті деканатының және белсенді студенттердің ұйымдастыруымен «Біз салауатты өмір салтын қолдаймыз!» атты спартакиада өткізілді.

Бұл спартакиадаға 60 студент қатысты. Спартакиада танысу бұрышы, эстафета, сергіту сәті, кім жылдам? (командалық ойын), тренинг, қоштасу бұрышы секілді іс-шаралар бойынша өткізілді. Танысу бұрышында факультетіміздің белсенді де үздік студенттері таныстырылса, эстафета кезеңінде студенттер алты топқа бөлініп, жарысқа түсті, нәтижесінде I орынға «Сұңқар», II орынға «Самұрық», III орынға «Парасат» командалары ие болды.

Жаратылыстану-география факультетінің биология мамандығының 4-курс студенттері Қарекенов Бақтияр мен Құрмекеш Әділет спартакиадаға қатысқан студенттер арасында психологиялық тұрғыдан әр түрлі тренингтер өткізді.

«Біз салауатты өмір салтын қолдаймыз» атты спартакиада соңында студенттер марапатталды. Біз бұл шарадан достықты, бірлікті, ақылдылықты үйренумен қатар, жақсы



нәрселерді жадымызға түйдік. Осындай шараны ұйымдастырған оқытушылар мен студенттерге алғысымызды білдіреміз.

Уақытымызды бекерге өткізбей, тәрбиелік маңызы зор шаралардың ұйытқысы болайық.

Өскелең ұрпақтың лүпілдеген жүректері, «елім, жерім» деп соқса, келешегіміз кемелді, болашағымыз беделді болары анық.

Гүлнұр ЕГІЗБАЙҚЫЗЫ,
биология мамандығының 1-курс студенті

УИК-ЭНД на свежем воздухе

В один из октябрьских выходных студенты, в основном 1-го курса: русского, казахского и иностранного отделений филологического факультета, выехали на уик-энд в агробиостанцию ЗКГУ им. Махамбета Утемисова. Организовали отдых на свежем воздухе девушки из клуба «Томирис» во главе с руководителем клуба Жанерке Тапаевой, которая является, по совместительству, нашим студенческим деканом.

Основная задача такого мероприятия – тесное общение студентов 1-го курса друг с другом в неформальной обстановке.

Не самым ранним утром (все-таки студенты с трудом могут отказать себе в воскресный день попольше поваляться в постели) на университетском автобусе выехали за город. По приезду студенты сразу разместились в комнатах агробиостанции, которая очень походит на настоящую турбазу. А организаторы тем временем приступили к подготовке завтрака для студентов. За завтраком каждый студент представился, кто он и откуда приехал учиться.

Спустя некоторое время Жанерке, наш руководитель, со своими девочками провела с нами увлекательные психологические игры-тренинги для преодоления естественного стеснения и робости и дабы мы побольше узнали друг о друге.

После игры все разделились по интересам: любители активного отдыха играли в футбол, волейбол, а некоторые просто гуляли и фотографировались на небольшой лесной опушке. Кстати, места там славные. Осень яркими красками разукрасила лес. Широкая степь и бесконечное небо над головой дают ощущение невероятной свободы!

После небольшого перерыва и вкусного обеда продолжались спортивные игры, невзирая на капризы погоды. Каждого участника охватил дух соперничества и чувство дружеского плеча. Эстафета, бег в мешках, прыжки со скакалкой другие виды состязаний сблизили нас.



САМООЦЕНКА ЧЕЛОВЕКА

Самооценка – «это способность человека честно, с любовью и по достоинству оценить себя», - говорила американский психолог Вирджиния Сатир. Именно отношение к себе определяет взаимоотношения человека с окружающим миром.

Проверьте свой уровень самооценки.

1.Посмотрите внимательно на список предложенных слов, характеризующих личность. В левом столбике на листе бумаги запишите (или напечатайте в электронном виде) те качества, которые вы хотели бы у себя иметь, а в правый – те, которые не хотели бы у себя иметь. Качества, смысл которых вам непонятен или которые вы не можете отнести ни в один, ни в другой столбик, никуда не пишите. Не думайте о том, есть ли данное качество у вас или нет, важно только одно: хотите вы его иметь или нет.

Список слов:

Аккуратность, беспечность, вдумчивость, вспыльчивость, восприимчивость,

гордость, грубость, жизнерадостность, заботливость, завистливость, застенчивость, злопамятность, искренность, изысканность, капризность, легковерие, медлительность, мечтательность, мнительность, мстительность, настойчивость, нежность, непринужденность, нервозность, нерешительность, несдержанность, обаяние, обидчивость, осторожность, отзывчивость, педантичность, подвижность, подозрительность, принципиальность, поэтичность, презрительность, радушие, развязность, рассудочность, решительность, самозабвение, сдержанность, сострадательность, стыдливость, терпеливость, трусость, увлекаемость, упорство, уступчивость, холодность, энтузиазм.

После того, как вы сделали два столбика, переходим ко второму этапу:

2.Посмотрите внимательно слова в каждом столбике и отметьте крестиком или галочкой те качества, которые, как вы считаете, вам присущи.

А теперь – обработка результатов!

Подсчитайте все отмеченные слова в левом столбике. И подсчитайте общее количество слов – все выписанные слова – в левом столбике. Разделите первую цифру на вторую на калькуляторе. Вы получите дробное число или просто 1.

Құттықтаймыз!



Педагогика ғылымдарының докторы, профессор Қыдыршаев Абат Сатыбайұлы 50 жылдық мерейтойымен құттықтаймыз!

**Елу деген - ердің жасы еңселі,
Елу деген - парасаттың өлшемі.
Арқасында еңбек, білім, абырой,
Шақырады жоғарыға төр сені.**

**Аңдамаймыз жылдар
жылжып өткенін,
Тірлік теңіз есе бергін ескегін.
Қажырлы бол, қуатты бол,
мықты бол.
Армандарың әлі асқақ көп сенің.**

**Елу деген - өсу, өрлеу, өтелу,
Елу деген - ердің жүгін көтеру.
Қияларға қалықтай бер, самғай бер,
Алла саған ғұмыр берсін екі елу.**

**Елу жылда сен толассыз өрледің,
Биіктерге талмай құлаш сермедің.
Қатарыңнан оза шауып екпіндей,
Бәсекеде ешкімге дес бермедің.**

**Жеңіп шығар күресте де, егесте,
Елу деген - ердің жасы емес пе.
Адалдықтың туын әркез тік ұстап,
Өрле, өріптес, белестерден белеске!**

**Құрметпен, қазақ филологиясы
кафедрасы ұжымы**

3-е место досталось команде «Достық», 2-ой стала команда «Тулпар» и «золото» завоевала команда «Алаш».

Мы славно отдохнули на свежем воздухе и немного развеялись на лоне природы от суеты города. От всего сердца выражаю благодарность организаторам этого отдыха, руководителю спортклуба Турдыбеку Куанышевичу Сарсенбаю, ибо благодаря вам мы студенты 1-го курса больше узнали друг друга, приобрели новых друзей и знакомых, а также получили массу положительных мотиваций.

Нурдаулет ЕРБУЛЯКОВ,
филфак, 1 курс, гр. 03106

Сделайте то же самое с правым столбиком. Подсчитайте все отмеченные слова. И подсчитайте общее количество слов – все выписанные слова – в правом столбике. Разделите первую цифру на вторую на калькуляторе. Вы получите дробное число или 1. И так, получилось две цифры – от подсчета в левом и правом столбиках.

Посмотрите, куда попала первая цифра (от левого столбика):

в промежуток от 1 до 0,76 – неадекватная, завышенная самооценка;
- от 0,75 до 0,51 – адекватная;
- 0,5 – адекватная;
- от 0,49 до 0,26 – адекватная с тенденцией к занижению;

- от 0,25 до 0 – неадекватная, заниженная. Проверьте, куда попала вторая цифра (подсчитанная по правому столбику):

- в промежуток от 0 до 0,25 – неадекватная, завышенная;
0,26 – 0,49 – адекватная с тенденцией к завышению;
- 0,5 – адекватная;
- 0,51-0,75 – адекватная с тенденцией к занижению;
- от 0,76 до 0 – неадекватная, заниженная.

Подготовил Б.А.МОЛДАГАЛИЕВ,
доцент кафедры педагогики и психологии

ҚОЛЖАЗБАЛАР АВТОРЛАРЫНА КЕРІ ҚАЙТАРЫЛМАЙДЫ. ДЕРЕКТЕРДІҢ ДӘЛДІГІ ҮШІН АВТОР ЖАУАПТЫ. ЖАРИЯЛАНЫМ АВТОРЛАРЫНЫҢ ПІКІРЛЕРІ РЕДАКЦИЯ КӨЗҚАРАСЫН БІЛДІРМЕЙДІ.

МЕНШІК ИЕСІ:

М.Өтемісов атындағы

Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті.

Газет айына бір рет шығады.

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 14.06.1995ж. тіркеліп, тіркеу туралы нөмірі №11390-Г куәлігі берілген.

ҚР Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің келісімімен мерзімді баспасөз басылымдарын және (немесе) ақпарат агенттіктерін 10.12.2012ж. қайта есепке алу туралы №13213-Г куәлігі берілген.

Индексі 090006. Таралымы 2000

РЕДАКТОР:

Марта Орынбасаровна ДЖУМАГАЛИЕВА

ТІЛШІЛЕР:

Әйгерім ҚАҰЕН, Гүлфани ЕРСАЙЫНОВА

КОРРЕКТОР:

Светлана БЕККУЖИЕВА

БЕТ ҚҰРУШЫ & ДИЗАЙН:

Асель АБДУЛЛИНА

ФОТОСУРЕТ:

Рафхат ХАЛЕЛОВ,
Оқу теледидары және
графикалық жобалау зертханасы

Газет Редакциялық баспа орталығында теріліп, беттелді.
«Полиграфсервис» ЖШС баспаханасында басылды.